



БІЗДІ ОРТАҚ ТАРИХ БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен елімізге ресми сапармен келген Армения Президенті Ваагн Хачатурян «Астана» халықаралық қаржы орталығына барды.

Президенттерге АХҚО басқарушысы Ренат Бектұров қаржы орталығы қызметінің негізгі бағыттары және оның өңірлік бастамаларды дамытудағы үлесі туралы мәлімет берді.

АХҚО арқылы Қазақстан экономикасына тартылған инвестиция көлемі 13 миллиард доллардан асқан. Оның 5,9 миллиард доллары АІХ биржасындағы портфельдік инвестиция болса, 7,3 миллиард доллары АХҚО-ға қатысушы компанияларға тиесілі. Бүгінде мұнда әлемдегі 80-нен астам елдің 3 200-ге жуық компаниясы жұмыс істейді. Олардың қатарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, қаржы қызметтері мен сақтандыру салаларына маманданған Арменияның 6 ірі компаниясы да бар.

Сонымен қатар мемлекет басшыларына АХҚО Соты мен Халықаралық төрелік орталығының қызметі, орталықтағы сот жүйесінің ерекшелігі жөнінде де ақпарат беріліп, АХҚО қаржы қызметтерін реттеу

комитетінің жұмысы туралы баяндалды. Аталған комитет пен Армения Республикасының Орталық банкі арасында Банк және сақтандыру қызметтерін, бағалы қағаздар нарығын қадағалау және реттеу саласындағы өзара іс-қимыл туралы меморандум жасалды.

Бұдан бөлек, екі ел басшылары Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында Арменияның мәдениет күндеріне орай ұйымдастырылған салтанатты концертке барды. Президенттер, ең алдымен, даңқты армян кинорежиссері және суретшісі Сергей Параджановтың 100 жылдық мерейтойына арналған театр фойесіндегі фотокөрмені тамашалады. Концертте Арменияның Мемлекеттік джаз оркестрі мен Инга Аршақян, Гор Суджян секілді өнерпаздары әлемге әйгілі армян композиторлары Комитастын, Шарль Азнавурдың, Жорж Гарваренцтің және Арно Бабаджаняның музыкалық шығармаларын орындады.

Сондай-ақ мемлекет басшылары келіссөздер өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Президентіне ілтипат көрсетіп, еліміздің қазақ-армян ынтымақтастығын мүддем жаңа деңгейге көтеруге мүдделі екенін айтты.

– Бүгінгі уағдаластықтар өзара байланыстың нығая түсуіне ықпал етеді деп сенемін. Біз қазақ-армян серіктестігінің негізі саналағын жоғары деңгейдегі кездесулерімізге ерекше мән береміз. Қазақстан Армениямен достық қарым-қатынасты жоғары бағалайды. Қазақ елінің армян халқына ықыласы ерекше. Армения – еліміздің сенімді әрі уақыт сынынан өткен жақын серіктесі. Біздің халықтарды берік достық, ортақ тарих және ұқсас мәдени-гуманитарлық құндылықтар байланыстырады. Екіжақты қатынастар барлық салада қарқынды дамып келе жатқанын айрықша атап өткім келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

АЛМАТЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАДЫ



Президент Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Алматы қаласының биылғы 9 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындысы баяндалды. Ерболат Досаевтың айтуынша, есепті кезеңде қысқамерзімді экономикалық индикатор 104,1 пайызды құрады. 2024 жылы Алматының өңірлік жалпы өнімі 5,5 пайыз деңгейіне жетіп, келесі жылы 6,4 пайызға дейін өседі деп болжанып отыр.

Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға 1 133 миллиард теңге инвестиция тартылып, өсім 8,1 пайызға жеткен. Жыл соңына дейін 2 триллион теңге инвестиция тартылады.

Президентке жергілікті бюджет кірістері 27,2 пайызға артқаны жөнінде мәлімет берілді. Бұл Алматы қаласын 2025 жылға дейінгі дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары аясында басымдық берілген жобаларды қаржыландыру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Жыл басынан бері қала бюджеті 204,5 миллиард теңгеге артып, 1 828,5 миллиард теңгені құрады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, шағын және орта бизнесті өркендетуге ден қоя отырып, экономиканы әртараптандыру жұмыстары жалғасады. Кәсіпкерлік субъектілер саны 6,2 пайызға өсіп, 361,1 мыңға жетті. Жыл қорытындысы бойынша Алматының өңірлік жалпы өнім көрсеткішіндегі шағын және орта кәсіпкерлік үлесі 60 пайызға дейін артады.

Президент тапсырмасын орындау мақсатында қаланың дамуын сапалы қамтамасыз етуге және тиімді бақылауға арналған Қала құрылысы регламенті, Құрылыс жүргізу ережесі және Тұрғын үйді реновациялау бағдарламасының жаңа жобасы әзірленді. Өзгерістер жыл соңына дейін қалалық мәслихаттың сессиясында бекітіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биыл денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғыртуға арналған бюджет 2,5 есе өсіп, 26,3 миллиард теңгеге жеткені туралы есеп берілді. Тамыз айында еліміздегі ағашқы Ерте араласу орталығы ашылды. Бұл мекеме ведомстволарлық іс-қимылды үйлестіріп, ба-

лалар арасындағы мүгедектікті төмендетуге шұғылданады.

Әкімнің айтуынша, басым бағыттың бірі – инженерлік инфрақұрылымды жаңарту. Есепті кезеңде 219 шақырым сумен жабдықтау және су тарту желілері салынып, қолданыстағы 27,3 шақырым желі жаңартылды. Бұдан бөлек, 66 шақырым электрмен жабдықтау желісі реконструкцияланды.

Мемлекет басшысына Алматының жасыл желегін көбейту жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы баяндалды. Оған күтім жасау үшін 110 шақырым тамшылатып суару жүйесі орнатылған. Жыл соңына дейін саябақтардың ауданы 996 гектарға дейін кеңейеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кездесу соңында қала экономикасындағы шағын және орта бизнес үлесін арттыру, транспорт құрылымын дамыту және қоғамдық көліктерді экологиялық талаптарға сәйкестендіру, сондай-ақ инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды сапалы жаңғырту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ӨНІМ БАР, ӨТКІЗЕТІН ОРЫН ЖОҚ

Жамбыл облысы әкімі Ербол Қарашөкеев өнім жинау науқаны басталмай тұрғанда қант зауыты 410 мың тоннаға дейін қызылша қабылдауға қауқарлы екенін айтқан болатын. Мұндай ақжолтай хабарды естіген диқандар бөркін аспанға атып, өнім жинауға жең түре кіріскен. Алайда жоспар жүрісінен жаңылып, уәде сылдыр суға, одан әрі буға айналатындай.



ҚОҒАМ

БАЛАМ – ҮЙДЕ, ҚЫЛЫҒЫ – ТҮЗДЕ

Кәмелетке толмаған жасөспірім балалардың өз қатарластарын ұрып-соғуы, зорлауы, тіпті өлтіруі туралы хабар қазақстандықтарды дүркін-дүркін дүр сілкіндіріп тұр. Соңғы реттегі Талғардағы оқиға мұндағы жағдайдың тым күрделеніп кеткенін көрсетеді. 16 жастағы Шерзаттың кісі қолынан қаза табуы, жастар арасында криминалдық сана мықтап орнығып бара жатқанын аңғартса керек. Шығыс Қазақстан облысында жасөспірім қыздардың бір-біріне әлімжеттік көрсетуі ұлттық болмысымызға тіптен жат. Бұған не себеп болуы мүмкін? Қоғамда қылмысты романтизациялау белең алып бара жатқан жоқ па? Баланың бұзылуына кім кінәлі, кім жауапты: ата-ана ма, мектеп пе, әлде көше мен қоғам ба?

БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ АТА-АНА ЖАУАПТЫ

Елімізде кәмелетке толмағандар жасайтын құқықбұзушылық деңгейі жоғары күйінде қалып отыр. Бас прокуратураның



мәліметінше, биылғы 9 айда балалар қылмысы 50 фактіге, яки 4,1%-ға өскен. Бытыр осы кезеңде 1 213 қылмыс жасалған болса, биыл бұл көрсеткіш – 1 263. Осы оқиғалардың ішінен Шығыс Қазақстанда жиі қылаң беретін қыздар әлімжеттігін атай кеткіміз кеп отыр. Таяуда ғана бір құрбысын камера алдында ұрып-соғып, тізерлетіп кешірім сұратып, ақша талап еткен үш қыздың видеосы тараған болатын. Бұл қоғамда резонанс тудырып, тиісті органдар бұған жедел назар аударды. Сол сияқты оқиға былтыр наурыз айында да болған еді. Ойын-сауда орталығында кәмелетке толмаған екі қыз өзі қатарлас бір қызды соққыға жығып, дене жарақатын салған. Келесі күні де олар алдын ала сөз байласып, тағы да сол жасөспірімге әлімжеттік көрсеткен. Ұрып-соғып, күш көрсету арқылы қоқан-лоқы жасаған.

(Жалғасы 5-бетте)

17 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

АҚОРДА

БІЗДІ ОРТАҚ ТАРИХ
БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы биыл Қазақстан мен Армения арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 25 жыл толғаны аталып өтетінін, осы уақыт аралығында ауқымды институционалдык база қалыптасқанын айтты.

— Сауда-экономикалық ықпалдастықтан бөлек, қос халық арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстар соны серпінмен дамып келеді. Былтыр Ереванда Армениядағы Қазақ театрының күндері өтті. Келесі жылы сіздің еліңізде Қазақстан мәдениетінің онкүндігін ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бүгін өзіңізбен бірге Арменияның Қазақстандағы мәдениет күндерінің салтанатты ашылу рәсіміне қатыстық, — деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде Ваагн Хачатурян Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтып, Қазақстанмен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бейілді екенін жеткізді.

— Қасиетті қазақ жеріне келгеніме қуаныштымын. Қазақстанның даму және өркендеуі қарқынына тәнті болдым. Екі ел арасындағы достық қарым-қатынастар ұзақ жылдарға жалғасады деп сенемін. Өйткені оның тарихи тамыры тереңде жатыр. Қазақстан — біздің сенімді әрі достас серіктесіміз. Бұдан бөлек, екі ел арасындағы экономикалық байланыс табысты дамып келе жатқанын атап өткім келеді, — деді Армения Президенті.

Келіссөз барысында тараптар сауда-экономикалық, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, қаржы, мәдени-гуманитарлық және цифрландыру салаларындағы ықпалдастықты нығайтудың перспективаларын талқылады. Сондай-ақ аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан тарапы Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келісіміне келуі үшін Алматы алаңын алдағы уақытта да ұсынуға дайын екенін растады.

Берік Уәли,

Қазақстан Президентінің кеңесшісі,
баспасөз хатшысы:

«ҚАЗАҚСТАН БРИКС-ке
МҮШЕ БОЛУҒА ӨТІНІШ
БЕРУДЕН ҚАЛЫС ҚАЛАДЫ»

Президентке Қазақстанның БРИКС құрылымына кіру мүмкіндігін қарастыру туралы ұсыныстар түсті. Мемлекет басшысы бұл ұсынысты Қазақстанның ұлттық мүддесі тұрғысынан мұқият қарастырып жатыр. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі — Баспасөз хатшысы Берік Уәли Tengrinews.kz сайтына берген сұхбатында айтты.

— Жуырда (23-24 қазан күндері) Қазан қаласында БРИКС саммиті өтеді. Бізге белгілі болғандай, аталған құрылымға төрағалық етіп отырған Ресей Президенті Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевты форумға қонақ ретінде шақырған...

— Президенттің жұмыс кестесінде оның БРИКС саммитіне қатысуы қарастырылғаны рас. Мемлекет басшысы 24 қазан күні құрылымның «аутрич» форматындағы кеңейтілген құрамда өтетін жиынында сөз сөйлейді.

— Әзербайжан мен Беларусь БРИКС құрамына кіру үшін өтінім беріп қойды. Сонымен қатар ТМД-ның өзге елдері де ынта білдірген болуы мүмкін. Қазақстанның БРИКС-ке қатысты ұстанымы қандай? Біздің еліміз аталған халықаралық құрылымға мүше болуды жоспарлап отырған жоқ па?

— Қазақстан БРИКС-тің даму эволюциясын қызығушылықпен мұқият бақылап отыр. Біздің еліміз осы құрылымның негізін қалаған мемлекеттер басшыларының қандай да бір алпауыт державаның гегемониясынан азат, әділетті әрі демократиялық әлемдік тәртіп құру туралы бастамасын қолдайды.

Президентке Қазақстанның БРИКС құрылымына кіру мүмкіндігін қарастыру туралы ұсыныстар түсті. Халықаралық қауымдастықтың жауапты және беделді мүшесі ретінде біздің елімізге мұндай ұсыныстың тәуелсіз қалыптасуына қажет.

Бұл ұсынысты Мемлекет басшысының өзі мұқият қарастырып отыр және оның тапсырмасы бойынша тиісті ведомстволар Қазақстанның ұлттық мүдделері тұрғысынан талдау жүргізіп жатыр.

Еліміз құрылымға мүше болуға және осы бірлестіктің даму перспективаларына қатысты басқа да мәселелерді қараудың көп сатылы процесін ескере отырып, қазір және жақын болашақта БРИКС-ке мүше болуға өтініш беруден қалыс қалады.

— Мұндай жағдайда қазақ дипломатиясы қай ұйымға басымдық бермек?

— Президент бұған дейін бірнеше рет БҰҰ-ны әлемдегі әмбебап әрі баламасы жоқ ұйым ретінде атаған болатын. Сондай-ақ осы ұйымда барлық өзекті халықаралық проблемаларды, соның ішінде әділетті әлемдік тәртіп құруға қатысты мәселелерді талқылау керек деген ұстанымын білдіргені жұртшылыққа мәлім.

— Алайда БҰҰ қауқарсыз ұйымға айналды деген пікір де жоқ емес қой...

— Президенттің пікірінше, БҰҰ да кемшіліксіз емес. Бірақ дәл сондай басқа ұйым жоқ. Сондықтан БҰҰ-ға әлемдік қауымдастықтың қолдауы ауадай қажет.

БҰҰ Жарғысы халықаралық құқықтың негізі болуы керек және бұл іргелі құжатта бекітілген қағидаларды бұзуға ешкімнің қақысы жоқ.

Президент БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің маңызды әрі тағдыршешті шешім қабылдау ісінде дәрменсіздік танытып отырғанына өкініш білдірген болатын. Сондықтан Мемлекет басшысы «орта державалардың» мүдделерін ескере отырып, БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің кең ауқымды консультациялары негізінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалауды бастау қажет деп есептейді.

МӘЖІЛІС

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН
ДАМУДЫ КӨЗДЕЙДІ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар қаржы нарығын дамыту және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Ал ақпаратқа қол жеткізу туралы заңға енгізілетін түзетулерді екінші оқылымда қабылдады.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатымен қаржы нарығын дамыту және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша заң жобасы әзірленді. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мәдина Әбілқасымованың айтуынша, заң жобасы аясында Қазақстанда шетелдік банктердің филиалдарын ашуға қойылатын талаптарды ырықтандыру ұсынылып отыр.

— Осы мақсатта шетелдік банк ашуға рұқсат алу үшін қажетті құжаттар тізімін қысқарту көзделді. Құжаттар саны шетелдік бас компанияның рейтингіне байланысты болады. Шетелдік инвесторларды көбірек тарту үшін филиалдар құру кезінде шетелдік банктің активтеріне қойылатын талаптар 20-дан 10 миллиард АҚШ долларына дейін қысқартылады. Шетелдік банктердің филиалдары үшін рұқсат етілген қызмет түрлері кеңейтіледі, — деді М.Әбілқасымова.

Сонымен бірге түзетулер қаржы нарығын, оның ішінде банк және сақтандыру салаларын, бағалы қағаздар нарығын және микроқаржы қызметін реттейтін заңдардағы нормаларды оңтайландыруды көздейді. Сондай-ақ сақтандыру нарығы мен бағалы қағаздар нарығын дамытуға бағытталған шаралар ұсынылады.

Бұдан бөлек, заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Ерлан Стамбеков қосымша баяндамасында Мәжіліс депутаттары қазақстандықтардың құқығын қорғауға бағытталған қосымша түзетулер енгізуді ұсынғанын атап өтті.

— Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарды қорғау мақсатымен кемінде үш ай мерзімге несиелер мен микрокредиттер беруді кейінге қалдыруды, сондай-ақ ай сайынғы төлемдерді 50 және одан да көп пайызға қысқартуды міндетті түрде қамтамасыз ету көзделген. Қарыз алушы жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін банктік несиелерді мерзімінен бұрын өтеу айыпақы өндіріп алу алынып тасталды. Шағын несиелер бойынша оны қайтармағаны үшін айыпақыларды қоспағанда, кез келген айыпақыны есептеуге тыйым салынады, — деді Е.Стамбеков.

— Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарды қорғау мақсатымен кемінде үш ай мерзімге несиелер мен микрокредиттер беруді кейінге қалдыруды, сондай-ақ ай сайынғы төлемдерді 50 және одан да көп пайызға қысқартуды міндетті түрде қамтамасыз ету көзделген. Қарыз алушы жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін банктік несиелерді мерзімінен бұрын өтеу айыпақы өндіріп алу алынып тасталды. Шағын несиелер бойынша оны қайтармағаны үшін айыпақыларды қоспағанда, кез келген айыпақыны есептеуге тыйым салынады, — деді Е.Стамбеков.



Қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатымен мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз және қолайлы орта құру талаптары да енгізіледі. Ал қарыз алушыларға түсетін жүктемені азайту үшін банктік несие немесе шағын несие шарттары бойынша сақтандыру агентінің комиссиялық сыйақысының ең жоғары мөлшері 10 пайызға дейін белгіленеді.

Талқылау барысында депутаттар жауапты Үкімет мүшелеріне заң жобасының нормалары бойынша сұрақтарын қойды. Нәтижесінде, түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылданды. Оларды екінші оқылымға дайындау жұмыс тобында жалғасады.

Ақпаратқа қол жеткізу және қоғамдық қатысу, мемлекеттік наградалар және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері туралы заң жо-



басы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Ерлан Саиров аталмыш құжат аясында мемлекеттік органдардың халыққа қызмет көрсету сапасын арттырып, азаматтарға мемлекет жұмысының ашықтығын қамтамасыз ететін тетіктер болатынын атап өтті.

— Ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектегені үшін мемлекеттік органдардың жауапкершілігі күшейтіледі. Ақпаратқа қол жеткізу саласында мемлекеттік бақылау енгізіліп, ақпараттың ашықтығы президентің ашықтығы және оны проактивті түрде тарату қағидалары бекітіледі. Мүгедектігі бар жандардың ақпаратқа қол жеткізуіне қажетті жағдай жасалады, — деді Е.Саиров.

Дауыс беру қорытындысы бойынша Мәжіліс депутаттары заңды екінші оқылымда қабылдап, одан әрі Сенаттың қарауына жолдады.

Бұдан бөлек, Мәжіліс комитеттері бірқатар жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады. Олардың қатарында «Мәдениет туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, нормашығармашылықты жетілдіру, денсаулық сақтау саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық реттеуді болғызбау, инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы заң жобалары бар.

Парламент Мәжілісінің депутаты Елнұр Бейсенбаев Премьер-Министр Олжас Бектеновке жолдаған депу-

таттық сауалында ауыл тұрғындарының жалақы мәселесін көтеріп, белең алған қымбатшылық пен жұмыссыздықтың да салдарын көбірек тартып отырғанын осы ауыл жұртшылығы екенін тілге тиек етті.

«Ауылдағы ағайынның орташа жалақысы да қала тұрғындарының жалақысына қарағанда 30%-дан астам төмен. Осыны ескеріп, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл тұрғындарының табысын көбейтіп, әлауқатын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын қолға алуды тапсырған болатын. Осыған орай «AMANAT» партиясы Үкіметпен бірге аталған жобаны бытырдан бері іске асырып жатыр. Жоба бойынша былтыр 100 млрд тенге бөлініп, игерілді. Биыл да 100 млрд тенге бөліну жоспарланған болатын. Алайда жыл соңына таяса да ол қаражат бөлінбей,

Үкімет өңірлерге тек 7 млрд тенге ғана жіберген.

Біздіңше, жобаның нәтижелі атқарылуы бойынша бірқатар түйткіл бар. Біріншіден, Үкіметтің өз ведомстволары арасындағы өзара келісімгеен әрекеттер жүйелі түрде келері болуға. Екіншіден, жобаға қатысушылардың көбісі ауыл шаруашылығы өндірісіне оқытылмайды. Үшіншіден, жоба аясында ауыл тауар өндірушілерін қолдауға арналған кешенді экожүйенің құрылмайы дайын өнімді өткізуде қиындық ту-дыруда. Төртіншіден, жобаға несиелік берешегі бар азаматтар қатыса алмауда, — деді депутат.

Осы ретте, депутат Е.Бейсенбаев Президенттің ауыл халқының тұрмысын жақсартуға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасына қосымша бірқатар шараларды тез арада пысықтау қажет екенін атап өтті.

Келесі бір депутат, «AMANAT» партиясының мүшесі Жаркынбек Амантайұлы Премьер-Министрдің орынбасары Т.Дүйсеноваға жолдаған депутаттық сауалында интернет-алаяқтықтың алдын алу мәселесіне тоқталып, жұртшылықтың қаржылық сауатын арттыруға бағытталған бірқатар іс-шараларды атап өтті. Айтуынша, блогерлікті бопсалау мен қыспақтың құралы қылып, біреудің абыройын төгіп, сүрінгенін суреттеуді бағырлыққа балап жүргендер баршылық.

«Таяуда өткен депутаттар форумында ел Президентінің өзі тілге тиек етіп: «Кейбір адамдар өздерін блогер деп санап, әкімдердің әр қадамын аңдып, бақылауға алды. Бұдан да сорақысы — олардың арасында жұмысқа кедергі келтіріп, әкімдерге қолма-қол көрсететіндер де бар» деп сын тезіне алды. Сөзімізге қоғамнан көптеген келенсіз мысалдар келтіруге болады.

Қоғамды дүрліктірген тағы бір маңызды мәселе — әлеуметтік желілердегі арзан ақыл, сапасыз білім сатқыш, білгіштердің көбеюі. «Аңқау елге арамза молда» демекші олардың арасында елге танымал шоу-бизнес өкілдері, айтыскерлер де бар. Оларды ауызекі тілде «инфосығандар» деп атайды. Олардың жүздеген мың теңгеге бағаланған сабақтарын жұрт тіпті несие рәсімдеп сатып алып, кейін қарызға белшесінен батып қалғаны да жасырын емес. Сөйте тұра кейбір деректерде еліміздегі осындай инфо бизнесінің жылдық айналымы 500 миллиард АҚШ долларын құрайтыны айтылған. Болжам бойынша алдағы 5 жылда 2 миллиард долларға жетуі мүмкін дейді. Айтпақшы, олар мемлекетке салық төлей ме ғой?!» — деді ол.

Депутат өз сөзінде осындай инфосығандардан мезі болған жұртшылық оларға тыйым салу мақсатында 2023 жылдың 23-ші қарашасында петиция жариялағанын еске салып, оның әлі күнге дейін қараусыз қалғанын айтып өтті. Сонымен қатар жұртшылықтың қаржылық сауатын арттыруға бағытталған «AMANAT» партиясының «Қарыссыз қоғам» жобасының осындай дерттермен күресуге бағытталған іс шаралары бір төбе екенін де негізге алды.

С. БЕГІМБАЙ

Tengrinews.kz

БАҒДАР

17 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

МАҒҒЫСТАУДЫҢ ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Маңғыстау облысында «АМАНАТ» партиясы фракциясы мүшесі, Мәжілістің Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің төрағасы Еділ Жаңбыршиннің жетекшілігімен көшпелі отырыс өтті. Жиын Маңғыстау облысының экологиялық, энергетикалық проблемалары мен сумен жабдықтау мәселелері және оларды шешу жолдарына арналды.

Оған Мәжіліс депутаттары, Маңғыстау облысының әкімі мен орынбасарлары, орталық атқарушы органдардың басшылары, қала және аудан әкімдері, барлық деңгейдегі жергілікті мәслихат төрағалары мен өңірдегі ірі өндіріс мекемелерінің басшылары қатысты.

Отырыста облыс әкімінің бірінші орынбасары Ербол Ізбергенов өңірдегі қоршаған ортаны қорғау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады.

— Маңғыстау өңіріндегі «Қошқар ата» қалдықтар қоймасын рекультивациялау жұмыстары 2007 жылы басталды. Жобаға сәйкес 4 279 гектар жерді 30 см қалыңдықта топырақты тығыздау арқылы көму жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Бүгінгі күні жалпы ауданы 584,2 гектар радиациялық қауіпті жер қалпына келтірілді, — деді Ербол Ізбергенов.

Өз кезегінде Энергетика вице-министрі Сұңғат Есімханов Маңғыстау өңіріндегі энергетика мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, қазір «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» — ЖЭО — 1 (тозу — 76%), ЖЭО — 2 (тозу — 82%) және ЖЭС (тозу — 87%) тұратын бірінші энергия, жылу өндірісі кешені. Оның негізгі міндеті — электр, жылу энергиясымен және ыстық сумен қамтамасыз ету.

Отырыста Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Әлиев Маңғыстау облысындағы экологиялық жағдай туралы мәлімет беріп, Төтенше жағдайлар вице-министрі Серік Төлен-



бергенов төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мәселелеріне тоқталды.

Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов климаттық өзгерістер мен суға деген сұраныстың артуы жағдайында су ресурстарын тиімді басқарудың маңыздылығын, сондай-ақ 2025 жылы Ақтау қаласында Каспий зерттеу институты ашылатынын айтты.

Отырыс аясында комитет депутаттары Маңғыстау облысында қордаланған мәселелерге қатысты орталық және жергілікті органдардың басшыларына сұрақтарын қойды. Облыс әкімі Нұрдаулет Қилыбай өз сөзінде өңірдегі экологиялық және энергетикалық мәселелерді шешу бағытында жасалып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Комитеттің көшпелі отырысын қорыта келе, Еділ Жаңбыршин өңірдегі энергетика, экология және ауыссу мәселелерін шешу үшін бірнеше бағытта жұмысты күшейту қажет екенін атап өтті.

— Алдымен Қазақстан Республикасы заңдарының, оның ішінде «Жылуэнергетика», «Экологиялық кодекс» және басқа да тақырыпқа қатысты заңнамалардың талаптары дер кезінде орындалуы керек. Мысалы, жаңа көтерілген лас шығындарды автоматты түрде мониторинг жасау кейбір ірі кәсіпорындарда әлі күнге шейін іске аспаған. Заң бойынша олар 2023 жылдың 1 қаңтарында іске қосылуы керек еді. Сонымен қатар «Жылуэнергетика заңында» жергілікті биліктің жылумен

қамтуда құзыреті мен міндеттері бекітілген. Оларды жүйелі түрде қолға алу қажет. Ауыссу бойынша жоспарланған жобаларды уақытылы қаржыландыру да өте маңызды, — деді Еділ Жаңбыршин.

Депутат атап өткендей, басшылыққа алынатын тағы бір маңызды құжат — Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 7 қарашада Маңғыстауға жұмыс сапары кезінде берілген 34 тапсырманы нақты орындау. Олардың 14-і, яғни 41 пайызы бүгін талқылап отырған тақырыпқа тікелей қатысты.

— Үшінші бағыт — Маңғыстау облысының экологиялық мәселелерін кешенді түрде шешу бойынша 2020 жылы бекітілген Жол картасындағы 36 позицияны орындау. Тіпті, қажет болса оған қосымша өзгертулер енгізу жайын қарастыру. Осы жерде көтерілген мәселелер мен ұсыныстарды комитеттің көшпелі отырысының хаттамасына енгіземіз, ол Үкіметке жолданатын болады, — деді Еділ Жаңбыршин.

Комитеттің көшпелі отырысы аясында Мәжіліс депутаттары Маңғыстау облысындағы «Қошқар ата» қалдық қоймасы, «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты», «ҚазАзот», «Каспий» су тұтығу зауыты, Caspi Vitum, «Жетібаймұнайгаз» кәсіпорындарын, сондай-ақ басқа да өндірістік нысандар мен «Маңғыстау экспериментальды ботаникалық бағы», «Қызылсай», «Қаракөл» сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметімен танысты.

1 МЛН ГЕКТАР ЖАЙЫЛЫМ ҚОЛЖЕТІМДІ



Жалпыға ортақ пайдалануға жататын 946,6 мың гектар жайылым жер жергілікті атқарушы органдарға берілді. Ал конкүрестің негізінде 715,2 мың гектар жайылымды пайдалану құқығы ұсынылды. «АМАНАТ» партиясы жанындағы Аграрлық сектордың мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысында жалпыға ортақ пайдалануға жататын жайылымдарға ауыл тұрғындарының қолжетімділігін қамтамасыз ету жұмысы қалай жүргізіліп жатқаны талқыланды.

Кенес төрағасы, Мәжіліс депутаты Нұржан Әшімбетов атап өткендей, заңнамаға енгізілген түзетулер нәтижесінде жайылым тапшылығына қатысты шағымдар саны 50%-ға азайды.

«Жер және Орман кодекстеріне, «Жайылымдар туралы» және «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңдарға енгізілген өзгерістер ауыл тұрғындары жайылымдарды басқарудың арнайы жоспарлары арқылы өз жайылымдарын өздері басқара алатындай етіп жерді әділ бөлуге мүмкіндік берді. Олар қай жерді аукционға қоюға болатынын, қай жерді ауыл әкімдігінің резервинде қалдыру керек екенін, шағын бизнеске, әсіресе ісін жаңадан

бастаған шаруаларға қай жерді беру керек екенін айқындай алады», — деді ол.

Сонымен қатар халық қалауысы мемлекет қоғамдық жайылымдарды жақсарту бағытында жұмыс жүргізіп жатқанын айтты. Яғни, құдық қазу, тұрмыстық қалдықтарға арналған полигондар құру, мал қорымдарын салу, жемшөп дақылдарын себу және тағы басқалар. Занда жайылымдарды жақсарту бағытында жұмыс жүргізетін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді субсидиялау мәселесі жеке қарастырылған. Ол ауылдық елді мекен айналасындағы жайылымдар ең алдымен ұрғашы мал үшін қарастырылғанын атап өтті.

Ал Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев кеңес мүшелеріне жыл басынан бері АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті ел аумағында 2,5 млн гектар жерде 1565 шаруадан тыс тексеру жүргізгенін мәлімдеді. Нәтижесінде, 1,9 млн гектардағы заңбұзушылықтарды жою үшін 1 190 ұйғарым енгізілді. Қабылданған шаралар нәтижесінде жер пайдаланушылар 256 мың гектар ауыл шаруашылығы жерін қайта игере бастады. Сот қабырғасында пайдаланылмай жатқан 177,7 мың гектар жерді мәжбүрлеп алып қою процесі жүргізілуде.

Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары Дәулет Бижанов еОtinish жүйесінде жайылым тапшылығына қатысты шағымдар саны 50%-ға азайғанына назар аударып, жайылым тапшылығы 41%-ға төмендегенін атап өтті. Яғни, 2023 жылы 8,4 млн гектардан биыл 4,9 млн гектарға дейін төмендеді.

Еске сала кетейік, пайдаланылмай жатқан және заңсыз берілген ауыл шаруашылығы жерлерін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша мемлекет меншігіне қайтару жұмысы жүргізілуде. «АМАНАТ» партиясы ел Президентінің қоғамдық тірегі бола отырып, осы мәселені шешуге алғашқылардың бірі болып қосылды. 2022 жылы маусым айында «АМАНАТ» партиясының «Жер аманаты» комиссиясы құрылды. Осы уақыт аралығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы 11,7 млн гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды, оның 4,8 млн-ға жуығы азаматтар арасында бөлінді.

Ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару жұмысының нәтижесімен танысуға болатын ЖерКапта интерактивті картасы жұмыс істеуде. Кейінгі екі жылда «Жер аманаты» комиссиясы үш мыңнан астам өтінішті қарап, оның 80%-на қатысты оң шешім қабылдады. Бұл ретте келіп түскен өтініштердің 90%-ға жуығы жайылым және шабындық алқаптарының тапшылығына, 10%-ы жер пайларын ресімдеу, құжаттарды заңдастыру және т.б. мәселелерге қатысты болды.



МӘСЛИХАТ МЕРЕЙТОЙЫ АТАЛЫП ӨТТІ

Биыл ҚР мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл. Осы уақыт ішінде жергілікті депутаттар өзекті мәселелерді шешуге бағытталған көптеген бастама көтеріп, оның орындалуына ықпал етті. Мерейтойлық датаға орай және Республика күні қарсаңында Астана қаласында бірқатар іс-шара өтті. Олардың қатарында Л. Гумилев атындағы Еуразия университетінде өткен «Күшті мәслихаттар – жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың негізгі институты» ғылыми-практикалық конференциясы бар.

Қазақстанда алғаш рет жергілікті өкілді органдарға сайлау өтті және барлық жерде мәслихаттар – депутаттар жиналыстары 1994 жылы 7 наурызда құрылды. 1994 жылы 25 наурызда Ақмола қалалық мәслихатының бірінші сессиясы өтті. Елордада мерейтойлық датаға арналған іс-шаралар, оның ішінде спорттық іс-шаралар, барлық шақырылымдағы депутаттардың қатысуымен ғылыми-практикалық конференция өткізу, аллея салу және т.б. жоспарланған.

Бүгінгі мәслихат – бұл ел заңнамасына сәйкес, Астана халқының еркін білдіретін және мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны жүзеге асыру үшін қажетті шараларды анықтап, олардың орындалуын қадағалайтын өкілді орган.

— Мерейтойлық жылға біз белгілі бір оң нәтижелермен жетіп отырмыз. Басты міндетіміз — еліміздің бас қаласындағы өмірді жайлы және қауіпсіз ету. Бұл үшін барлық мемлекеттік органдармен және жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелерімен белсенді ынтымақтастық орнатылды. Елордалық мәслихат депутаттары үшін сайлаушылармен өзара іс-қимыл барысында ашықтықтың жоғары деңгейін сақтау өте маңызды. Біз кездесулер мен қабылдаулар кестесін әзірлеп, бекіттік. Биылғы жыл ең алдымен елорда тұрғындары үшін пайдалы істермен есте қалды деп үміттенемін. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, бұрынғы және қазіргі әріптестерімді мәслихаттардың 30 жылдығымен шын жүректен құттықтағым келеді, — деді елордалық мәслихат төрағасы Еран Каналимов.

Сонымен қатар ол мәслихат жұмысы барысындағы өзекті мәселелерге атап өтті. Соның ішінде бюджетті қалыптастыру және оны тиімді бөлу барысында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

— Біз мемлекеттік органдардан келіп түсетін бюджеттік өтінімдерді бюджет комиссиясының келісімі мен бекітуіне дейінгі кезеңде қарау тәжірибесін қабылдап, сәтті жүзеге асырып келеміз. Бюджет мәселелері қаралмай тұрып, екі ай бұрын өтінімдерді саралап, шығындардың басым бағыттарын анықтаймыз, сондай-ақ әлеуметтік нысандардың құрылысын аяқтау сияқты маңызды жобаларды қаржыландыру бойынша тиімді ұсыныстарды әзірлейміз, — деді ол.

Сондай-ақ мәслихат депутаттары елордадағы салалық мәселелерді шешу

мақсатында арнайы үш жылдық кешенді даму жоспарларын қабылдағанын айтты.

— Әкімдікпен бірлесіп, түрлі салада бірнеше үш жылдық кешенді даму жоспарлары әзірленіп, жүзеге асырылды. Мысалы, денсаулық сақтау жүйесін дамыту бойынша кешенді жоспар аясында құрылыс басталғаннан бері жөндеу жүргізілмеген медициналық нысандарға күрделі жөндеу жұмыстарына қаражат бөлінді. Қажетті заманауи жабдықтау сатып алынып, жалақыны көтеру және басқа да маңызды мәселелер қолдау тапты, барлық емханалардың жаңартылған корпустары күрделі жөндеуден өтіп, тұрғындарға есіктерін айқара ашты, — деді мәслихат төрағасы.

Конференция барысында үкіметтік емес ұйымдардың басшылары, университет профессорлары, қоғамдық кеңестердің мүшелері және басқалар сөз сөйледі. Мерекелік іс-шараға барлық шақырылымдардың депутаттары қатысты. «1994 жылы мәслихатта жұмыс істей бастағанымызға 30 жыл болды. Бұл маңызды сәт, өйткені мәслихат Астананы құруда және қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Біз бірінші депутат болдық. Сол кезеңдегі жетістіктермен бөлісу үшін біздің рөлімізді ұмытпау және осындай іс-шараларға шақырып жатқанына ризашылық білдіреміз. Барлық депутаттарды осы айтулы оқиғамен құттықтағым келеді», — деп бөлісті Тияқбай Бектаев.

Іс-шара барысында I-VIII шақырылымдағы депутаттарды ведомстволық наградалармен және «Қазақстан мәслихатының Құрметті депутаттары» төсбелгісімен салтанатты марапаттау өтті.

— Елорда тұрғындары өздері сайлаған депутаттарды біледі, мәслихатқа мәселелер мен мәселелермен белсенді айналысады. Депутаттар өз кезегінде әкімдікпен бірлесіп оларды шешу үшін жұмыс істеуде. Сондықтан менің ойымша, мәслихат депутаттары біздің мемлекетімізде шешуші рөл атқарады. Барлық шақырылған Астана қаласының депутаттарын айтулы мерекемен құттықтаймын, — деді Бекбол Сағын.

Ғылыми-практикалық конференциядан басқа, іс-шара қонақтарына мұрағаттық фотосуреттер мен құжаттар көрмесі дайындалды.

Ә.МҰХАНБЕТ



НАРЫҚ

17 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

Елдің тұрақты дамуындағы, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартудағы және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде агроөнеркәсіптік кешеннің рөлі маңызды. Демек, ауыл шаруашылығын мемлекеттің тұрақты дамуын елестету мүмкін емес. Өйткені аграрлық сектор – халықты азық-түлікпен қамтамасыз ететін сала. Жақында Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жер – ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартудың басты кепілі» екенін атап өткен болатын. Дегенмен соңғы уақытта Қазақстанның ауыл шаруашылығына инвестиция көлемі 19,4%-ға қысқарған.

А Кәмила ЕРКІН

БҰҰ-ға қарасты Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының мәліметтері бойынша гуманитарлық көмектің ұлғаюына қарамастан, соңғы уақытта азық-түлік тапшылығынан зардап шегетін адамдардың саны өсуде. Сондықтан барлық дамыған ел ауыл шаруашылығы саласын дамытуға басымдық береді. Ішкі нарықты қорғау үшін қатаң шаралар қолданылады. Себебі бұл сала табиғи-климаттық жағдайларға өте тәуелді және көбіне табиғи апаттармен байланысты тәуекелге ұшырайды. Сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін заманауи техникалық жабдықтар, түрлі ресурс пен жұмыс күшіне ауқымды инвестициялар қажет. Ал ауыл шаруашылығының тұрақты және серпінді дамуы үшін тұрақты мемлекеттік қолдау мен реттеу қажет. Мұндай қолдау негізінен мемлекеттік қаржыландыру және субсидиялар арқылы көрініс табады.

Мемлекет басшысы осыған дейін Жолдауда агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту – өте маңызды міндет екеніне баса назар аударып отырып, салаға бөлінетін қаражаттың 70 пайызы мемлекет қаржысы деп атап өткен болатын.

«Бұл салаға коммерциялық банктердің қаражатын да тарту қажет. Дикандарға өсімі аз несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттарын субсидиялау шаралары қолға алынды. Мұның бәрі шаруаларды айналымға қажетті қаражатпен шұғыл қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға және несие алуды оңтайландыруға жол ашады. Агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу – аса маңызды міндет. Бөлінген қаражаттың бәрі тиімді жұмсалып тиіс. Алайда шындыққа жанаспайтын ақпарат беру, басқаша айтқанда, мәліметтерді бұрмалау ауыл шаруашылығындағы шынайы ахуалды бағалауға кедергі келтіріп отыр», – делі Президент.

Бұл мәселенің саланы қаржыландыруда қиындық туғызатынын тәуелсіз экономист Данияр Өшімбаев та құптады. Оның



АГРОКЕШЕНГЕ ИНВЕСТИЦИЯ АЗАЙДЫ

пікірінше, ауыл шаруашылығына субсидиялардың артып келе жатқанын ескере отырып, өкімдіктер мен өндірушілердің қатысуымен жалған мәліметтермен күресу саланы реттеуге мүмкіндік береді.

Әзірге аталмыш секторға тартылған қаражат көлемі өткен жылмен салыстырғанда салыстырғанда 17,1%-ға азайған. Finprom сарапшыларының деректері бойынша қантардан шілдеге дейін Қазақстанда ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар 407 млрд теңгені құраған. Нақты көлем индексі (НКИ), яғни инвестиция көлемі өзгерісінің көрсеткіші – 80,6%-ды құрады. Бұл ауыл шаруашылығы секторына салынған нақты капиталдық салымдардың 19,4%-ға қысқарғанын білдіреді.

«Инвестициялардың басым бөлігі (402,4 миллиард теңге) өсімдік және мал шаруашылығына бағытталған, бірақ бұл

салада да 16,6%-ға төмендеу байқалады. Балық аулау және балық өсіру саласына бар болғаны 4,2 миллиард теңге салынған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 44,7%-ға аз», – делінген хабарламада.

Сонымен қатар саладағы барлық инвестицияның 77,5%-ы, яғни 315,4 миллиард теңге, бизнестің өз қаражаты есебінен жүзеге асқан. Яғни, қаржыландыру көзінен басым бөлігін шаруашылықтың капиталы құрайды. Оның өзі өткен жылмен салыстырғанда 9,1%-ға қысқарғанын көреміз.

«Қарыз қаражаты есебінен 83,2 миллиард теңге (жалпы көлемнің 20,4%-ы) салынған. Әсіресе, банктік несиелер арқылы қаржыландыру айтарлықтай азайып, 67,3%-ға, яғни 8,1 миллиард теңгеге дейін төмендеген (барлық инвестицияның тек 2%-ы). Мемлекеттік қаражат есебінен бар болғаны 335,4 миллион теңге салынған, бұл жалпы инвестициялардың 0,1%-ын ғана құрайды. Бюджет қаражаты-

нан тек 335,4 млн теңге немесе инвестициялардың жалпы сомасының 0,1%-ы ғана жұмсалған», – дейді мамандар.

Бұл ауыл шаруашылығы секторына салынған жалпы инвестициялардың едәуір қысқарғанын дәлелдейді. Әсіресе, банктік несиелер және басқа да сыртқы көздер арқылы қаржыландыру азайған. Ал өңірлер арасында Павлодар облысында ауыл, орман және балық шаруашылығына ең көп инвестиция салынған. Оған кейінгі орында Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстары жайғасқан. Қантартамыз айларында инвестициялар көлемінің қысқаруына қарамастан, ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 4,7%-ға 3,2 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Ең көп көлемде өнім өндірген өңір Түркістан облысы. Жалпы, Солтүстік Қазақстан облысы мен Астананы есепке алмағанда, елдің барлық өңірінде ауыл шаруашы-

лығы саласы өнімдерін өндіру көлемі артқан.

Бұл мәселе, яғни АӨК-нің негізгі капиталына инвестициялар тарту қарқыны Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыс әкімдіктерімен селекторлық кеңесінде талқыға салынды. Ведомство биыл алғашқы жеті ай ішінде АӨК – ге 488 млрд теңге сомасына инвестиция тартылғанын мәлім етті.

«Оның ішінде ауыл, орман және балық шаруашылығына – 407 млрд теңге, азық-түлік өндірісіне 81 млрд теңге тиесілі. Сондай-ақ 2024 жылдың 8 айында пайдалануға берілген 82 жобаны іске асыруға 66,5 миллиард теңге инвестицияланған. Соның ішінде басым бағыттардың бірі мал шаруашылығы (соның ішінде сүт фермалары мен құс етіні өндіру), егіншілік, суару жобалары, өнімді сақтау жобалары бар. Одан бөлек, ет, сүт және дөңлі дақылдарды терең өңдеу жобалары мен өнеркәсіптік жылыжай шаруашылығын дамыту да басымдыққа ие», – делінген хабарламада.

Алайда АӨК саласында бірле-бір жоба іске асырылмаған аймақтар да болған. Олардың қатарында Алматы, Атырау, Маңғыстау және Ұлытау облыстары бар. Ведомство басшысы бұл өңірлерде саланы дамуына үлкен әлеует бар екенін, соған қарамастан жобалардың әлісіз дайындалып, іске асыруға қызығушылық болмағанын атап өтті. Сонымен қатар ол елімізде инвестиция тартуға жағдай жасалғанына тоқталды. Дегенмен жеңілдетілген несиелер мен инвестициялық субсидиялар болса да, жергілікті жерде жұмыс қарқыны төмен.

Nalyk finance басқарма төрағасының кеңесшісі, экономист Мұрат Темірханов ауыл шаруашылығына ауқымды инвестициялар тартуға негізінен кедергі болып отырған «жекеменшік құқығының» жоғы деген пікірді алға тартып отыр.

«Ұлттық даму жоспарында ауыл шаруашылығы алқаптарын тиімді пайдалануға бағытталған белгілі бір шаралар ұсынылған. Дегенмен онда негізгі элемент – ауыл шаруашылығы жерлеріне жекеменшікті енгізу қарастырылмаған. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ауыл шаруашылығы жерлеріне жекеменшік құқығы және осындай жерлердің сатып алу-сату нарығының дамуы аса маңызды. Өйткені ол – агробизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және қаржыландыруға қолжетімділікті жақсартудың маңызды алғышарты. Көптеген ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін негізгі кепіл көзі – жер. Қазір ауыл шаруашылығы жерлерін нарық емес, мемлекеттік қызметкерлер қайта бөледі. Ал мұндай жердің ешқандай инвестициялық құны жоқ. Осыған байланысты біздің ойымызша, Қазақстанда жер реформасын түбегейлі өзгерту қажет», – дейді экономист.

ӨНІМ БАР, ӨТКІЗЕТІН ОРЫН ЖОҚ ЖАМБЫЛДЫҚ ШАРУАЛАР ШЫРЫЛЫН КІМ ҰҒАДЫ?

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жалпы, биыл еліміз бойынша 1,1 млн тонна тәтті түбір жинау жоспарланған. Соның 600 мың тоннадан астамы Жамбыл облысына тиесілі. Бұл жылтырғы көрсеткішпен салыстырғанда үш есеге артық. Дикандар ала жаздай еңбек етіп, гектарына 900 центнерге дейін өнім алғанымен, өткізетін орын болмай, шаруалар қант зауытының есігін күзетіп жүр.

Негізі, Жамбыл облысында бұған дейін екі қант зауыты жұмыс істеген. Алайда биыл Тараз қант зауыты тәтті түбір қабылдамай, тірліктері тұрап қалды. Содан 11,2 мың гектарға дақыл еккен дикандар Меркі қант зауытының алдында тәуліктен кезекке тұруға мәжбүр. Тау болып үйілген тәтті түбірін қайда апарарын білмей отырған шаруалар «өткен еңбегіміз еш кетіп, өнімimizi үсік шалып кете ме» деп аландайды.

Жамбыл облысы әкімі Ербол Қарашөкеев өнім жинау науқаны басталмай тұрғанда қант зауыты 410 мың тоннаға дейін қызылша қабылдауға қауқарлы екенін айтқан болатын. Сондай-ақ Жетісу облысындағы Ақсу қант зауытымен 450 мың тонна өнім қабылдауға келіссөздер жүргізіліп жатқанын жеткізген. Осылайша, екі зауыт 1 миллион тоннаға дейін тәтті түбір қабылдаса, артылғанын Қырғызстанға апарып өткізу де жоспарланған еді. Мұндай ақпаратты хабарды естіген дикандар бөркін аспанға атып, өнім жинауға жең түре кіріскен. Алайда жоспар жүрісінен жанылып, уәде сылдыр суға, одан әрі бұға айналатындай. Олай дейтіміз – Меркі қант зауытының алдына бір аптадан бері түзілген кезектен көз сүрінеді.

– Қант зауытының алдында қантарылып тұрғанымызға бірнеше тәулік болды. Кезек өте баяу жүреді. Мұнда жатқан шығынымыз бар, тамағымыз бар, бізге

Өнім бар, өткізетін орын жоқ. Бүгінде жамбылдық шаруалар осылайша шырыл қағуда. Биыл қызылша жинаудан рекордтық көрсеткішке қол жеткізген дикандар дабыл қаққанымен, жергілікті билік дәрменсіз күйде отыр. Шенділер «шаруаның сөзін сөйлеп отырмыз» дегенімен, Меркі ауданындағы қант зауыты қызылша қабылдауға қауқарсыз. Осылайша, «ары тарт та, бері тарттың» кесірінен дақыл далада қалғалы тұр.



онай сокпай жатыр. Өнімді қайта кері алып кетпейсің ғой. Содан амал жоқ, әйтеуір тәуліктен күтіп отырмыз. Билік өкілдері биыл қызылша қабылдаудан еш қиындық болмайтынына сендірген еді. Алайда ол құр уәде болып қалды. Қазір біз қант зауытының алдында емес, тәтті түбір жинайтын алқабымызда жүруіміз керек, – дейді ашынған шаруа Нұрәулет Ахметов.

Екінші нұсқа ретінде ұсынылған Жетісу облысындағы Ақсу қант зауытына жол қашық. Аймақпен арасы шамамен 1000 шақырымға дейін барады. Сондықтан өзге өңірге жол тартқан көліктер 7-8 күн-

де ерөн оралуда. Оған қоса, жол шығыны да шаруаларға оңай сокпауда.

Билік өкілдері өз кезегінде қызылшаның әр келісіне 25, ал Ақсу қант зауытына апарса, 45 теңгеден субсидия төленетінін айтып, шаруалардың жанайқайына жұбату болуға тырысуда. Алайда Үкіметтен өзге бір тын да бөлінбегендіктен, тасымал шығынын дикандар өз қалтасынан көтеруде.

– Субсидия қаражаты осы қазан айында беріледі деген Үкіметпен келісім бар. Бұл жайында Ауыл шаруашылығы министрлігіне де күн сайын баяндап отырмыз. Ал облыс әкімі осы аптада

Меркі қант зауытына арнайы барып, акционерлермен жиналыс өткізіп келді. Соның арқасында кезек мәселесі кезек-кезенімен шешілуде. Кәсіпорын бүгінгі күнге дейін 120 мың тоннадан астам қызылша қабылдады. Ал жалпы жоспар 450 мың тонна болмақ. Қазір өнім қабылдаудың арнайы кестесі бекітіліп, күндік қабылдау қуаты 4,5 мың тоннадан 6 мың тоннаға дейін ұлғайтылды, – дейді облыс әкімдігінің Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Әбдірәсіл Желеубаев.

Жамбыл облысының дикандары екен 11,2 мың гектардың бүгінде 2 100 гектар алқабы қазылып, 150 мың тоннадай өнім жиналған. Оның 120 мың тоннасын Меркі қант зауыты қабылдаса, 1 000 тонна дақыл Ақсуға жөнелтілген.

– Өнім әкелушілер көп болғаннан кейін қызметшілеріміз үлгермей кетті. Алайда аймақ басшысымен өткен келіссөзден кейін қабылдау қуаттылығын 6 мың тоннаға дейін көбейттік. Сондай-ақ қызылшаны көп еккен Жамбыл мен Байзақ ауданына лимитті көбірек қойдық.

Енді келетін дақылдарды тек кестемен қабылдаймыз. Осылайша, ұзын-сонар кезек мәселесін шешіпкізді. Біз өңірдегі 150 шаруашылықпен байланыс орнатқанбыз. Бұйыртыса, бәрінің де өнімін қабылдап үлгеруге күш саламыз, – дейді «Меркі қант зауыты» ЖШС бас директоры Нұржан Қарғабаев.

Әрине, шаруалардың мәселесі шешімін тауып жатса құба-құп. Алайда бұл дикандардың өзге жинаған өнімі. Тәтті түбірдің алынбағаны әлі алқаптарда жатыр. Сон-

дықтан бұл бүгін-ертең бітетін шаруа емес. Ауа райы күн санап құбылып жатқанын ескерсек, ертең дақыл алқап басында үсіп кетпей ме деген де қауіп бар. Сол себепті тәтті түбір түйіктілі қазір талқылауды емес, тез арада нақтылауды қажет етуде.

– Биыл 20 гектарға қызылша еккенмін. Осы күнге дейін қант зауытына жөнелткенім сегіз-ақ «КамАЗ» болды. Қазір қол қусырып қарап отырмыз. Өйткені зауытқа жіберген келіміз әлі қайтқан жоқ. Оған қоса, жанбыр да жауып, комбайндарымыз батпақтап алқапқа кіре алмауда.

20 гектардың ары кетсе, 2,5 гектары ғана қазылып отыр. Жергілікті билік өкілдері «шешеміз», «далада қалдырмаймыз» деп уәде етуде. Алайда өз басым бұған сенбей отырмын. Ақсу қант зауытына тартайын десем, ол жақта да қабылдау қиын болып жатқанын айтады. Содан шақшадай басым шарадай болып, не істерімді білмей отырмын, – дейді шаруа Жәнібек Төлегенов.

Иә, дикандардың денінің өкпесі – осы. «Неге билік өкілдері Меркі қант зауытының қабылдау шамасына қарай өнім ектірмеді?» деп нағиды.

Шаруалардың шырылдауы орынсыз дей алмайсың. Себебі биыл өнімнің мол болатынын билік білмеді емес, білді. Тәтті түбірдің көп егілгеніне қарап, алдын ала қам жасауы қажет еді.

Салаға жауапты мамандардың сөзіне сүйенсек, кенестік кезеннен келе жатқан Меркі қант зауыты өбден ескірген екен. Соған орай биыл кәсіпорнын жаңғыртуға Үкіметтен қаржы сұралған. Алайда ол жақтан оң жауап келмеген.

Қалай дегенде де Үкімет «қамсыз қызылша еге беріндер, дақылдарын далада қалмайды» деген уәдесінде тұруы керек. Өйткені жамбылдық шаруалар жылда мол өнім алғанымен, арты айқай-шуға ұласуы әдетке айналып барады. Тіпті, бір жылдары Меркі қант зауыты қабылдаған қант қызылшасының қаржысын бере алмай, шаруаларды шырылдатып еді. Әзірге бұл жағына үніліп жатқан ешкім жоқ. Ертең осы қабылдаған тәтті түбірдің теңгесін тағы төлей алмай жатпасына кім кепіл? Сондықтан билік өкілдері бұл мәселені де жіті назарға алып, тараптарды тартыстырмай, оңтайлы шешеді деген сенім мол.

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ

«Адамның ар-намысын таптап, кемсіту жолымен телефонға түсіріп, жәбірленушінің ішкімін шешуге мәжбүрлеген. Кәмелетке толмаған қыздар бұл әрекеттерінің соңында 50 мың тенге ақша талап еткен. Оны тауып бермесе, бейнежазбаны жан-жаққа бөлісетіндіктерін айтқан» делінген сот құжатында.

Берін айт та бірін айт, ҚР ҚК-тің екі бабы бойынша айыпталған екі қыздың бірі 3 жылды аркалап кете барды, ал екіншісіне бір жылға бостандығын шектеу түріндегі жаза қолданылды. Сондай-ақ айыпталушылардан моральдық зиян келтіргендері үшін 9 миллион тенге көлемінде өтемақы өндірілді. Осылайша, тентек қыздар жазасын алғанымен, олардың тәрбиесіне дер кезінде ден қоймаған ата-аналары сорлап қалғаны анық. Еліміздің заңы бойынша балалары жазаланғанынан бөлек, оларға да айыппұл салынады. Мәселен, 2024 жылдың 8 айында бала тәрбиесі бойынша міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін 84 мың заңды өкіл әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 345 адам ата-ана құқығынан айырылған екен. 125 кәмелетке толмаған жасөспірім девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы мектептерге жіберілген. Еліміздің Жамбыл, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстары және Алматы қаласында осындай 4 арнайы мектеп бар болса, оларда 161 бала ұстауда отыр. Ал Абай облысындағы ерекше режимдегі арнайы мектепте 13 бала білім алуа.

«Қазір балалар мен жасөспірімдер арасында қылмысқа бару күннен-күнге өршіп барады. Оған бірнеше себеп бар. Оның ішінде әлеуметтік те, психологиялық та факторлар жетерлік. Бұл жерде ең бірінші отбасындағы тәрбиеден бастау керек. Ата-аналар қазір көбісі жұмысбасты, отбасының жағдайын, балаларының болашағын жасаймын деп, тіпті балаларымен дені дұрыс қарым-қатынас жасауға, оларды қадағалауға уақыты болмай жатады. Ал балалар қазір күннен-күнге гаджеттерге өте тәуелді болып келеді. Одан көп ақпарат алады. Бірақ сол ақпараттарды көп ретте фильмдерден өткізе бермейді. Сондықтан да бұл жерде ата-ана да баланы қадағалап, ол қандай әлеуметтік желілерде отыр, қандай сайттарда отыр, кіммен араласып жатыр — соны да тексеріп отыруы керек. Тек қадағалап қана қоймай, баламен диалог та құру керек. Қазіргі уақытта ата-аналар балаларымен көп сөйлесе бермейді. Шаршап келеді, ашуланады, үйінде баларына ұрысады, балалардың ашылып сөйлесуіне соның салдары да әсер етіп жатады», — дейді балалар психологі Анаргүл Маулықызы.

Оның айтуынша, ең бірінші балада агрессия тудыратын нәрсе — теледидар мен гаджеттер. Елімізде шетелден келген түрлі ойын тарап жатыр. Оның ішінде теріс әрекетке итермелейтіндері де бар. Сондықтан ата-ана осының бәріне тосқауыл қойып, баламен сөйлесіп, оны мақтап, қолпаштап, ненін дұрыс, ненін дұрыс емес екенін ескертіп отыруы керек. Өйткені оларда 12 жасқа дейін психика қалыптасады. Осы уақытқа дейін олар кез келген ақпаратты өзінің бойына жеңіл сіңіреді. Сондықтан агрессивті ақпараттарды да өте жақын қабылдайды. Соны практика жүзінде жасап көргісі келеді. Осылайша, агрессивті ойындар баланың агрессияны құп көруі көзқарасын қалыптастырады. Бүгінде қоғамда болып жатқан оқиғалардың бір себебі осында жатқаны сөзсіз.

«Сонымен қатар бұл проблеманың бір себебі — балалар арасындағы құқықтық сауатсыздықпен байланысты. Жалпы мектептерде құқықтану сабағы өтетіні белгілі, бірақ онда біреудің затын ұрлап кетсе, нақты қандай жаза бар екені жазылмайды. Осындай деректерді пәндерге қосса өте жақсы болар еді. Сондай-ақ ата-аналарға да талап қойылса игі. Қазір мұғалімдерге талап өте көп, бірақ балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға ешқандай талап

БАЛАМ – ҮЙДЕ, ҚЫЛЫҒЫ – ТҮЗДЕ



жасаса да, әлеуметтік желілерден көріп жүргеніміздей, жеңіл жаза алып жатады. Оның үстіне, жемқорлықтың да әсері бар. Осыларды көрген баланың ойында не ақшаның көмегімен жазасыз қаламын, не жеңіл жаза аламын деген пікір қалыптасады. Яғни, менің қалтамда ақша болса мен барлығын жасай аламын, маған ешкім ештеңе істей алмайды деген сенімде болады. Ал егер адам жасаған қылмысына ауыр жаза алды деген ақпарат көбірек болса, кім-кім де болса ойланар еді. Соның арқасында балада жауапкершілік пайда бола бастайды. Жалпы, бұл жерде жана өсіп келе жатқан психологияда қорқыныш, жауапкершілік болмауы жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өсуіне әкеліп жатыр.

ҮӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАРДА КЕШЕНДІ КӨЗҚАРАС ЖОҚ

Әрине, қарбалас тірлікпен отбасына көп көңіл бөлуге уақыты бола бермейтін ата-ана баласына «барып біреуді ұр немесе өлтір» деп айтпайтын болар. Сондықтан барлық жауапкершілікті олардың мойнына артып қоюға тағы болмайды. Жасөспірімдер қылмысының алдын алу үшін заңнаманы күшейту қажет. Мәжіліс депутаты Магеррам Магеррамов кейбір істер бойынша қылмыстық жауапкершілік жасын төмендетуді ұсынады. Өйткені кей агрессор балалар жасына байланысты жасаған қылмысы үшін жазасыз қалып жатыр.

«Мектеп баланы қоғамға бейімдеудің алғашқы баспадағы екенін ескерсек, өскелең ұрпақтың деструктивті мінез-құлқының алдын алып, оны уақытылы түзеу ұстаздар қауымының ғана қолынан келмек. Мектептегі зорлық-зомбылықты түп-тамырымен жою керек. Бірақ бүгінде кішкентай қылмыскерлер жасының жетпеуіне байланысты жазасыз қалып отыр. Бәлкім, біз, заң шығарушылар, кейбір қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық басталатын жастың шекті мәнін қайта қарап, жауапкершілікті 14 жастан емес, 12 жастан белгілегеніміз жөн болар. Мәселен, кейбір қылмыс бойынша, айталық, зорлау фактілеріне қатысты жауапкершілік жасын қайта қарап, Ұлыбританиядағыдай 14-тен 12-ге дейін төмендету керек», — дейді ол.

Сондай-ақ депутат балалардың тәрбиесіне серкеш мән беру керектігін атап өтіп, әскер қатарында өзінің қылмыстық әрекетін жасайтын жастар мектепте теріс ортада жүргенін айтады.

логиялық тұрақтылығы мәселесіне де ерекше назар аударуы қажет. Білім беру мекемелерінің жасөспірімдердің қылмыстық мінез-құлқының алдын алу мен анықтауға деген көзқарасын түбегейлі өзгерту керек. Біз Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан балалар мен жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығын дәйекті және сенімді қорғауға бағытталған әлеуметтік институт ретінде ата-аналық отбасының әлсіреуін тоқтататын біртұтас жұмыстың жолын байқаймыз. Бүгінгі күні үәкілетті органдардың бұл мәселелерді шешуге қатысты кешенді көзқарасы жоқ, ал егер бар болса, ол формальды сипатқа ие», — дейді ол.

Депутат бұл мәселеде халықаралық тәжірибеге жүгінуге болатынын айтады. Мысалы, Жапонияда Білім министрлігі балалар үшін қауіпсіз ортаны құру үшін ересектердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған арнайы «Қорқытуға қарсы кеңес» құрған. Педагогтерден қорлаудың әрбір жағдайына барынша қатысу және мұқият қарау, психологтар балалардың психологиялық жағдайына кәсіби қолдау көрсету, ал ата-аналар мен қамқоршылар қорлаудың алдын алу үшін мемлекеттік жұмыспен белсенді түрде әрекеттесу талап етіледі. Осы ретте кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеуді алдын алудың ерекше әдісі ретінде анықтау қажет. Оны барлық мүдделі мемлекеттік органдар әртүрлі деңгейде егжей-тегжейлі пысықтау керек.

ҚОҒАМ ҚАЛЫС ҚАЛМАУҒА ТИІС

Қоғам арасында кәмелеттік жасқа толмағандардың жасаған қылмысына «қылдары толмағандар барды» деп қарау басым. Сондықтан ол қылмыстар құқық қорғау органдарына хабарланбай қалып қойып жатады. Ал шындығында, бұл дұрыс емес. Өйткені олар мұндай аушылдық жасалып жатқанын түсінбейді. Өзін кешіреді деп ойлап, қылмысқа баруын қоймауы мүмкін. Ал ақыры қолға түскен кезінде жасөспірімдердің бірнеше қылмыс жасағаны белгілі болады. Өйткені бұған дейін өзінің орнына ата-анасы жазаланған, сөйтіп жазадан тыс қалғаны ол үшін сабақ болмағаны анықталады.

«Тағы бір назар аударатын тұс, жасөспірімдер қылмыс жасау барысында келенсіз жағдай бола қалса, адам өлтіру, ауыр дене жарақатын салу, қарақшылық шабуыл жасауға дейін барады екен. Бұл олардың қызуқандылығымен, психикасының қатаймауымен байланысты. Мамандар кәмелетке толмағандар арасында ең көп жасалатын қылмыс түрі — бұзақылық екенін анықтап отыр. Занды жолмен өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыра алмағандықтан, жастар ақша табу үшін оны күш қолданып жасауға тырысады екен. Зансыз бизнеспен айналысу да жиі кездеседі. Жасөспірімдердің арасындағы қылмыстың көбеюі балалардың бос уақытын ұйымдастыра алмауынан туып отыр. Сондай-ақ заңды дұрыс білмеуі, отбасындағы

беріп жібергендер екен. Баланы балағаттап, күш көрсетіп өсірсе, ол өшпенділікке жақын боп өседі. Қылмыстық топты құратындар да, буллинг жасайтындар да, әлімжеттік көрсететіндер де осындай балалардан шығады. Қазір мәселен бастауыш сыныптарда, әсіресе 3-4 сыныптарда буллинг көп. Сондықтан бұл жерде мұғалімдер ғана емес, ата-аналар да бірігіп әрекет етуі керек. Тағы бір жайт — еліміздегі мектептерде психологтар саны аз. 3 000 балаға 2 психологтан келеді. Сондықтан олар анонимді түрде сауалнама жүргізсе де, әр бала туралы нақты мінездемесін біле алмай, буллингке түсіп жатқан балаларды анықтай алмай жатады. Жасөспірімдер қылмысының алдын алу туралы айтқанда, психологтар санын арттыру жайын да қозғау қажет. Бір сөзбен айтқанда, бұл проблемамен күресу үшін мемлекеттік органдар тығыз байланыста жұмыс істеуі керек. Жастар арасында патриоттық сезім, мәдени құндылықтарды дамытып, тәрбиелеу керек. Сонымен қатар жастардың құқықтық сауаттылығын ашу керек.

ҚЫЛМЫСТЫ РОМАНТИЗАЦИЯЛАУДЫ ТЫЮ КЕРЕК

Еліміздегі криминалдық ахуалға әсер ететін бір фактор — қоғамда криминалды романтизациялау екенін жоққа шығаруға болмайды. Қазір телеарналар мен платформаларда заңға қайшы қарақшылық, есірткі, рәкетірлік, қыз зорлау, кісі өлтіру тақырыптарды қозғайтын сериалдар көбейді. Олардың қатарында «Бандитский Петербург» пен «Бригаданың» бастап, «Слово пацана», «Районы», «Острые козырьки», «Во все тяжкие», «Шекер» және тағы да басқа туындылар бар. Қанша жерден қатыгездік көрсетіліп жатса да, басты кейіпкер қанша жерден қылмыс жасаса да оны қаһарман етіп көрсететін мұндай фильмдер көрген адамның, әсіресе жасөспірімдердің санасына теріс әсер етуі мүмкін. Өйткені ұнаған кейіпкеріне ұқсағысы келуі кейде оларды әлеуметтік нормаларға сәйкес келмейтін мінез-құлыққа итермелеуі мүмкін. Осы ретте ТМД аймағында мұндай фильмдер мен сериалдарға тыйым салу жөнінде дүрбелең туғаны да есімізде. Тіпті, Татарстан билігі мұндай танымалдыққа риза еместігін танытып, республика басшысы Рустам Минниханов «Қазан феномені» деп аталатын құбылысты романтизациялайтын «Слово пацана» сияқты сериалдарға жол берілмеу керектігін айтқан болатын. Сондай-ақ Татарстан балалар омбудсмені Ирина Вольнец те сериалға тыйым салуды сұрады. Бала психологтары да осы пікірді қолдайды.

«Мұндай картиналар жастар арасында қылмыстық әлем туралы жалған идеяларды қалыптастырады. Өмірлік тәжірибесі жоқ жас ұрпақ үшін бұл қауіпті. Зерттеулер криминалдық сериалдар көбінесе халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарының өкілдеріне көп әсер ететінін анықтап отыр. Теледидар мен гаджеттерде көрген барлық артықшылықтарды алуға мүмкіндіктері болмағандықтан, оларда ашу пайда болып, сол нәрсеге қол жеткізгісі келеді. Ал оның бір жолы криминал екенін осындай сериалдар айтып тұрғандай болады. Алайда жаланаң агрессия көп мәселені ақыл-санаман шешуге шақырмайды. Керісінше, ол — өзін-өзі танытудың ең оңай жолы», — дейді психолог Эльвира Бекбосынова.

Оның айтуынша, қылмысты романтизациялауға кинода ғана емес, жалпы өмірде де жол бермеу керек. Өйткені субмәдениет насихаты қоғамды ілгері дамытпайды. Десе де, режиссерлер картинадағы мазмұнды романтизация деп ойламайды екен. «Картинада өмірді шынайы түрде, «қалай бар солай» көрсету керек», — дейді олар.

«Бұл жерде қорқатын тұк те жоқ. Америкалық фильмдердің 75%-ы атыс-шабыс, ұрып-соғу, түрмеден қашу, банк тонау сынды «романтикадан» тұрады. Бірақ олардың қоғамы одан азып кеткен жоқ қой. Бір киноны көріп алып, соның әсерімен қылмыс жасалатындай жалған әсерді қою керек. Егер көрінген кадрдан қорқатын болсақ, көптеген жақсы фильмдерден бас тартуға тура келеді. Бұл кино — өнер екенін ұмытпау керек. Ал оны қабылдау әркімнің өскен ортасы мен жағдайлары, отбасы, мектебі, университетіне байланысты», — дейді режиссер Айгүл Аксамбиева.

Дәл сол сияқты «Слова пацана» сериалының режиссері Жора Крыжовников өз туындысында зорлық-зомбылық романтизацияланғанын жоққа шығарған болатын. Оның айтуынша, көрерменге әрбір қылмыстың жазаланатыны айқын көрсетілген.

Еліміздегі криминалдық ахуалға әсер ететін бір фактор — қоғамда криминалды романтизациялау екенін жоққа шығаруға болмайды. Қазір телеарналар мен платформаларда заңға қайшы қарақшылық, есірткі, рәкетірлік, қыз зорлау, кісі өлтіру тақырыптарды қозғайтын сериалдар көбейді.



«Слово пацана» фильмінен алынған кадр.

қойылмайды. Ата-аналар балаларына көп еркіндік беріп қояды. Мұғалім саған ештеңе істей алмайды деген сынайдағы құқықтық көбірек сіңіріп жатыр. Балада қандай жауапкершілік, қандай міндет болу керек — көп ата-ана оны айта бермейді. Сондықтан бізде ата-аналарға арналған арнайы міндетті кездесулер ұйымдастыруды немесе оларға қойылатын талаптарды күшейтуді қолға алса дұрыс болар еді», — дейді ол.

Мұндағы тағы бір себеп — елде қатаң жазалардың болмауы. Қандай ауыр қылмыс

Оның сөзінше, ел мектептерінде зорлық-зомбылық, буллинг, бұзақылық пен қылмыстық өмір салтын романтизациялау бар. Ал оны жоюға бағытталған кешенді әдіс-тәсіл жоқ. Сондықтан депутат тиісті ведомстволармен бірлесіп, кәмелет жасына жетпеген балаларға құқықтық тәрбие беру бойынша тәсіл әзірлеу қажеттігін Үкіметке жеткізіп, нақты позицияны білдіруге шақырды.

«Оқу-ағарту министрлігі тек оқу-тәрбие процесіне ғана емес, сонымен қатар балалардың моральдық-этикалық мінез-құлқы мен эмоционалдық-психо-

қолайсыз жағдай, сабаққа бармау, оқу орындарындағы тәрбиелік жұмыстардың аздығы сынды тағы да басқа факторлар әсер етеді. Одан бөлек, нашакорлық, таксикомания және алкогольдің әсерімен жасалатын қылмыстар да бар. Мәселен, әрбір бесінші қылмыс алкогольдің немесе есірткінің әсерімен жасалады екен. Қазір қыз балалардың қылмыс жасауы да жиі кездеседі», — дейді әлеуметтанушы Игісін Құсманұлы.

Оның айтуынша, көбінесе, қылмыстық топқа кіретін балалар өздері ата-аналардан сондай қатыгездікті көрген немесе ата-аналары тым еркіндік

Әрине, осында айтылған әр пікірдің де жаны бар. Бірақ қылмыс әлеміндегі субмәдениеттің уақыт озған сайын қоғам болмысына дендеп еніп бара жатқаны жасырын емес. Соңғы жылдары сонау 90-жылдардағы ұйымдасқан қылмыс серкелері мен белді мүшелерін дәріптеуге талпыныс күшейіп барады. Күш көрсету арқылы ісін жүргізіп, заңды белден басып, талай адамды қан қақсатқан басбұзарлар мен қаскөйлерді әспеттегеніміз қаншалықты дұрыс? Келер ұрпақ оларды ардақ тұтса, келешегіміз күмәнді болмай ма?

ПАРАСАТ

17 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

Ғалым, журналист, жоғары оқу орнының менеджері Қайрат Сақтың қол жеткізген жетістіктерінің астары осы қасиетінде жатыр.

Қайрат бірде әңгіме барысында әкесі Өмірбайдың аталы сөзі мәңгілікке есінде қалып қойғанын айтқаны бар: «Ешкімнің ала жібін аттама, не көрсен де, таза еңбегіңмен көр. Басқалармен бақталас болма, ешкімнің алдын кеспе, ақылын мен күш-жігеріне сен, әріптестеріңнің жеңісіне қуана біл, өзін жетістікке жетсең, айналады танымай кетпе. Жок болса, жасыма, бар болса, тасыма. Атқарған еңбегіңді ешкімге міндет қылма. Осындай қасиеттерін болса ғана алысқа шаба аласың, балам!».

Балалық балдәурен шағын өткізіп, білімнің әліпбиін үйренген ауылын аузынан тастамай, аяулы ата-анасы жатқан жердің түтінін де қашанда сағынып жүретін Қайрат әкесінің айтқан сол бір ақылын есінен шығарған емес. Айтары жок, елдік қасиеттердің ер жігітті ерлікке жетелейтінін әу басынан көкірегіне үйген Қайрат өзі туралы әңгімені ылғи әкесін айтудан бастайтыны ойымда жатталып қалғаны тағы бар. Себебі Қайраттың ғылымның соқпақты жолында асу асып, биікті бағындыруы ең алдымен әкесінің берген тәлімді тәрбиесінде жатыр.

Әке сөзіне серт берген ол ешқашан болдым демеді, толдым демеді. Үнемі ізденіс үстінде жүреді. Ғылымдағы өз орнын жақсы біледі. Бірақ онысын жананға жар салып жарнамалаған емес. Айтарын айқайлап, берерін бұлдап жатпады. Алаштану әлеміне сырбаз басып, сыпайы есік қағып кірген ол «менімен» емес, әркез еңбегімен, шығармашылық ізденісімен танылды. Ал жалпы ғылымға деген адалдығы — өз алдына бөлек әңгіме. Қашанда тазалық пен әділеттік үшін талай жерде шырылдап жүреді. Осының бәрі әкесінің бір ауыз астарлы сөзіне біржолата құлағанынан болар!

Әкесі демекші, Өмірбай асқакал балаларына ісімен де, сөзімен де өнеге бола білгенін оның өмірбаяны толық дәлелдейді. Балалық шағын Төңкеріс елді мекенінде өткізген Өмірбай сегізге толғанда шешесі дүниеден өтеді. 30-жылдардағы аштық зардабын өбден татып шыққан үш ұлдың үлкені Өмірбай оқу жасына келгенімен, ең алдымен өмір үшін күресуіне тура келді. Үйден таң ата масақ теруге шығып, күн батқан кезде оралатын кездері жиі болатын. Отбасының бар ауырталығы өз басына түскен Өмірбай бастауышты бітіргенімен, жеті жылдық мектепті аяқтауға мүмкіндігі болмайды. Буыны бекімей жатып ұжымшардың жұмысына шығып, өгіз қосып, соқамен жер жырттып, арба айдап, тракторға су таситын.



Бір зобалаңнан екінші зобалаңға түскен жас жігіт 1941 жылдың 11 желтоқсанында әскерге алынады. Алғашында Атшабар базары маңындағы ескі қораларда 1942 жылдың мамырына дейін жаттығудан өтті. Ал 6 қарашада майдан шебіне жетіп, 11 қарашада басталған Сталинград шайқасында алғашқы ұрысына қатысады. Сол соғысқаннан 2 мамырда Берлинді алуға қатысып, бір-ақ тоқтайды. 1945 жылдың 22 шілдесінде Мәскеудегі Жеңіс шеруіне қатысқан Өмірбай атамз жаудың 11 танкісі мен 17 автомашинасын жойып, 40 фашисті жаһаннамға жіберген. Тіпті, ол кісі Кеңес Одағының батыры атағына да ұсынылыпты. Бұл тұрғыда Өмірбай Сақұлының тағдыры 1945 жылы 6 мамырда Совет Одағының Батырына ұсынылып, бірақ белгілі себептермен жоғары атақты ала алмай қалған Рақымжан Қошқарбаевқа ұқсас.

1947 жылдың басында әскерден туған жерге оралады. Ауылға келгеннен кейін де тыным табуы білмеген ол еңбегінің арқасында Алматыдағы колхозшылар съезіне делегат болып, 1963 жылы Мәскеудегі көрмеге қатысқан. 1950 жылдың қазанында партия ұйымының хатшысы болған. «Молотов» ірілендірілген ұжымшарының жылқы фермасының бастығы, шаруашылық бригадирі болып қызмет етті. Кейін 18 жылдай №1 тауарлы-сүт фермасын басқарды. Соғыстағы ерлігі үшін Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі «Отан соғысы», екі дүркін I дәрежелі



СҮЙЕККЕ СІҢГЕН САБЫРЛЫҚ

«Отан соғысы» ордендерімен, ал бейбіт өмірдегі ұзақ жылғы жемісті еңбегі ескеріліп, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Зайыбы екеуі он үш перзент тәрбиелеп өсірді. Қайрат — осы үйдің үшінші ұлы.

Балағынан топырақ борап жүрген бала кезінен газеттерге мақала жазып, елдің көзіне түсе бастаған Қайраттан ата-анасы да, ауылдың үлкендері де көп үміт күтті. Ол сол сенімді ақтады да. Қазір қазаққа белгілі азамат. «Жігітке жеті өнер де аз» деген қағидамен тәрбие алған Қайрат жас кезінен сөз өнеріне жақын болғанымен, бертін келе өмірін ғылымға арнауға бел буды. Ғалым ретіндегі басты қасиеті «Ғылым — Газет — Кадр дайындау» ұштағанын ұштастыра білгенінде жатыр деп ойлаймын. Осы синтезді өзінің еңбек жолында басты арқау етіп алған ол ғылыми өмірінің мәнін дәл тапқан оқымысты екені — басы ашық ақиқат.

Белгілі алаштанушы Қайрат Өмірбайұлы Сақ ғылымға бет бұрған алғашқы күннен қазақтың өшуге аз қалған қилы тарихын ғасырлар қойнауынан іздеуде бастады. Оған барар жол ретінде аз уақытта төте жазуды (Ахмет Байтұрсынұлы

әлеуметтік мәселелердің жазылуы» деген атаумен кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғап шықты.

Шынында да, журналистиканың ғылыммен тығыз байланысын орнатпай және соның бәрінің басында өзін жүріп, зерделемей, оның үстіне, осы салаға маман дайындау ісін қыр-сырын меңгермей органикалық тұтастыққа жету мүмкін емес. Қайрат — дәл осыны жыға түсінген ғалымның бірі. Сондықтан да бұл қасиеті ғылымға адалдықтың өлшемін бір адамдәй білетін Қайрат Өмірбайұлының азаматтық

«Ызғарлы түн» романын қазақшаға аударғанын да айта кеткен ләзім.

Журналистика тарихында ғана емес, ұлт шежіресінде маңызы зор Алаш қайраткерлерінің баспасөз ісін ұйымдастырудағы азаматтық көзқарасы мен ұстанымдарын жас ұрпақ санасына сіңіру үшін күні бүгінге дейін аянбай еңбек етіп келе жатқан Қайрат Сақ 1992 жылы Осло және Стокгольм, 2008 жылы Ыстанбұл, 2009 жылы Бесторос, 2011 жылы Үрімші, Париж, 2017 жылы Вашингтон, Нью-Йорк, 2018 жылы Шанхай қалаларында

Тарих қойнауына сүңгіген жас ғалым кезінде зорлықпен жабылып қалған «Қазақ» газетін қайта жандандыруды қолға алып, осы басылымның бас редакторының орынбасары қызметін атқарғаны да — әлгі симбиоздың сиқырлы сәті. Кейіннен ол осы газеттің энциклопедиялық жинағын құрастырып, отандық және шетелдік ғалымдардан жоғары бағасын алды.

мәртебесін асқактата түседі. Қазақстан журналистикасының маман даярлау ұстаханасының менеджеріне айналған Қайрат Сақ шын мәнінде журналистика теориясы мен тәжірибесінің өзара байланыста дамуына зор үлес қосқанын астын сызып айтып отырғанымыз да сондықтан.

Ғалым жолы — даңғыл жол емес. Олай болса, КР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, 2007 жылғы «Жылдың ең үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері Қайрат Сақтың өмір жолын қысқаша шолып өткеннің өбестігі бола қоймас. Ол 1996 жылы өзі түлеп ұшқан Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Журналистика факультетінің «Журналистика тарихы» кафедрасының аға оқытушылығына келді. 1998–2008 жылдар аралығында «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы, «Қазақ университеті» баспасының директоры, «Баспа ісі және әлеби редакциялау» кафедрасының доценті, көп ұзамай осы кафедраның меңгерушісі болып бекітілді.

Еуразия Халықаралық теледидар және радио академиясының академигі, профессор Қайрат Сақ ғалымдық һәм ұстаздық жолында талай қиындықты бастан өткерді. Дей тұра, білімі мен парасаты, ақыл жаны мен жайлы мінезі оны талай келергілерден сүріндірмей алып шықты. 200-ден аса ғылыми мақаланың, 500-ге таяу публицистикалық еңбектің ауауында Қайрат Сақ «Қазақ» газетінің тарихы мен тәжірибесін зерттеп, гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобаларды іске асырып, бірнеше оқу құралы мен монография жазды.

Осы жылдар ішінде «Елу деген бір белес» публицистикалық жинағы мен «Ұлттық сана ұйытқысы», «Қазақ журналистикасы», «Алаш мұрасы» атты оқу құралдарын жарыққа шығарды. «Алаш көсемсіз: Жер мәселесі», «Алаш көсемсіз: Тіл мәселесі», «Алаш көсемсіз: Дін мәселесі», «Алаш көсемсіз: Шаруашылық мәселесі» атты кітаптардан тұратын көптомдықты дүниеге әкелген Қайрат Сақтың алаштануға қосқан үлесі өте зор деп батыл айта аламыз. Оның сондай-ақ қытайдың көрнекті жазушысы Ба-Цзиннің

шетелдік ысқарларда болып, тағылымдалардан өткен Қайрат Сақ әлемдік журналистика өнерінің қыр-сырын меңгерумен қатар өзінің де жеке тәжірибесімен бөлісіп қайтты.

2008 жылы Қайрат Сақ Астанадағы Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Филология факультетінің «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі қызметіне шақырылды. Ал Журналистика және саясаттану факультеті өз алдына отау тігіп шыққаннан кейін «Баспасөз және баспа ісі» кафедрасының меңгерушісі болды. 2011 жылы Журналистика және саясаттану факультетінің деканы қызметіне кірісті. Он үш жылдан бері осы орнында қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан оның алған асуы аз емес.

Қайрат Сақ басқаратын факультетте алғашқы жылы студенттердің жалпы саны 200-ден сәл артық болса, ал биылғы жаңа оқу жылында қабылданған бірінші курс студенттерінің өзі 200-ден асты. Солардың басым көпшілігі мемлекеттік білім грантының иегерлері, ал үштен бірі «Алтын белгі» иегерлері және халықаралық, республикалық олимпиада мен ғылыми жоба жеңімпаздары екенін ескерсек, факультеттің абитуриенттер арасында қандай зор беделге ие болғанын анық аңғарасыз.

Қайрат декан болғалы көптеген жоба жүзеге асырылды. Біріншіден, факультет қысқа мерзімде журналист мамандар даярлауда республикадағы бірегей орталыққа айналғанын басқа жоғары оқу орындарындағы әріптестері мойындады. Оның нақты дәлелі — республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктің «Журналистика және ақпарат» бағыты бойынша жобаларды басқару тобына жетекшілік ету Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2017 жылғы шешімімен Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне берілді. Бұрын журналистика бойынша диссертациялық кеңес тек әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ғана болса, енді Астанадағы ЕҰУ де жас ғалымдарға зор мүмкіндік туғызып отыр.

Екіншіден, факультетте «Қазақстан» телерадио корпорациясы мен «Хабар» агенттігінің арнайы аудиториялары, КР

Президенті телерадио кешені сыйлаған оқу телестудия, «Қазақ» радиосы сыйға тартқан радиостудия мен Аіқу газеті жабықтап берген арнайы аудитория мен Қазақ футбол федерациясының көмегімен ашылған Сейдахмет Бердіқұлов атындағы «Спорт журналистикасы» аудиториясы студенттерге сапалы білім берудің бір көрінісіне айналды.

Үшіншіден, журналистік білім берудің заманауи талаптары мен өзектілігін жан-жақты зерделеп, бірнеше жаңа білім беру бағдарламасы іске асырылуда. Қазір факультетте 17 білім беру бағдарламасы бойынша болашақ журналистер, саясаттанушылар үш деңгейлі білім алуда. Салалық журналистиканы дамытуда факультеттің профессор-оқытушылар құрамы тәжірибелі мамандармен толықтырылуда. Сондай-ақ факультеттің ғылыми әлеуеті жоғарылап, жыл сайын жас ғалымдар қосылып келеді.

Факультеттегі «Цифрлы медианы басқару» білім беру бағдарламасы елімізде бірінші болып ашылды. Бұл — университеттің үш факультетінің біріккен жобасы. Нәтижесінде, елімізде цифрлы медианы дамытатын шәкірттер дайындалуда. Факультетті бітіруші түлектерді жұмыс берушілер аяғын жерге тигізбей қызметке алып жатқанының сыры да осында. Бұдан бөлек, алғаш рет спорт журналистерін арнайы білім беру бағдарламасымен оқыту осы жерде жүзеге асырылды. Сонымен бірге «Медиа өнері» білім беру бағдарламасы бойынша телевизия мен кино индустриясына продюсерлер мен сценаристер дайындау қолға алынды.

Төртіншіден, 2020 жылы баспа ісі білім беру бағдарламасы аясында халықаралық пән олимпиадасы ұйымдастырылды. Ресейдің бірнеше жоғары оқу орнындағы баспа ісі білім беру бағдарламасын даярлатын әріптестермен байланыс орнатылды.

Дала философиясын бойына сіңіріп өскен Қайрат Сақтың кездестірген сайын сабырлықтың эталонын көргендей боламын. Жалпы, ең жедел қимылды талап ететін журналист мамандығын иеленген әріптестердің арасынан ілуде біреуден табылатын сирек қасиет. Өмірдің ең үлкен мәні сабырлық екенін өресіне бала жасынан ұялатқан Қайрат урбанизация тұтқыны болудан бойын аулақ ұстаған көшпенділердің соңғы тұяғы секілді. Ата-бабамыздың сана түйсігіне берік орныққан еркіндіктің символындай сабырлық пен кендік қасиет оның өмірдегі өз орнын ойып алуына даңғыл жол ашқаны дәлелдеуді керек етпейді.

Қайраттың жүрісінің өзінен сабырлықтың иісі шығып тұрады. Сүйегіне сабырлық сіңгенін Қайрат Сақтың айтқан әңгімесінен де, жазған мақаласынан да, ғылымдағы ізденісінен де, ең аяғы биылдар ойнағанынан да қапысыз байқайсың. Туа бітті ырғағынан жанылмайтын Қайратты жанталасқан зымыран уақыт та өзгерте алмады. Сол баяғы қалпы. Үстінен түйе жүріп өтсе де, сыр бермейді.

Алайда сабырлық көмбесінен ұзамайтын Қайраттың көшпен қалған кезі жоқ. Арбамен қоян атып алатын Қайраттың несібесі ешкімнен кем емес. Ықпалы заманнан бері төрт құбыласы тұйықталмаған, көсіле шапқан тұлпарға, желдей өскен сұңқарға жеткізбес қазақ даласының төңкерілген көгілдір күмбездей аспан әлемі тура осы салқам даланың сағым ойнаған белдерінен басталып кететінін жас кезінен жадында сақтап өскен Қайраттың бойындағы барлық адами қасиеті мен журналистикадағы ізденісінің бірі туған жерден басталып, туған жерге қайта оралып отыратынымен мастерлік екеніне көзім талай жетті. Тын мысал келтіре кетейін. Жақында ғана өзі туып-өскен Төлеби ауданының Құрметті азаматы атанған Қайраттың болмыс-бітімі осындай ойларға жетелейтінде де бір заңдылық жатқаны даусыз.

Қарт Қазығұрт пен ақ басты Алауауға иық тіреген ауылдан шыққан дарынды адамның қиялына қанат байлайтын, шарықтатып шырқау көкке көтеретін — қасиетті туған жері. Әрбір талантты тұлғаның түп төңірегінде, айналып келетін кіндігі байланған от ортасы — табанының мөрі қалған атамекең топырағы. Сол жерде орныққан сана оны ешқашан халықтан ажыратпайды. Биікке көтерілген оның бойындағы барлық асыл қасиет бала кезінен бойына біткенін байқау қиын емес. Білімдері мен ілкімділігі, етінің тірлігі мен еңбексүйгіштігі, лидерлік қасиеттері мен ат ауағанша ақыл тауып кететін тапқырлығы... бәрі-бәрі ауылда балағынан топырақ борап жүрген уақыттан басталғанына күмөнім аз.

Бір анық: Қайраттың өмірдегі барлық жеңісі қашанда туған елге сүйіспеншілікпен табантірегінің тартылыс күшіне жинақталып жатқанына шек келтірмейсін. Өр рухты, өміршен өлке перзентінің жан жүрегінде бала кезінде лып етіп тұтанған білте шамның жарығындай әлсіз ғана сәуленді кейін оның әр шәкіртіне жылу шашып тұратын алаулы жарыққа ұласуының сыры осында болса керек.

Шархан ҚАЗЫҒҰЛ

ШЫМКЕНТТІК ЖАСТАР ЖАЗУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ



«Шыншыл ақын болу деген – азаптың ең азабы, Сол азапқа төзе білу – ғажаптың ең ғажабы» деп жырлаған талантты ақын, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шаханов М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде қонақта болып, қаланың зиялы қауым өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы және студент жастармен кездесті.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Университеттің Басқарма төрағасы-ректордың м.у.а. Ғани Бесбаев ақынның өмірі мен шығармашылық жолына тоқталып:

«Бұл күн – тарихи күн. Жастар сіздер халқымыздың ардақтысымен кездесу сәті бұйырып, жүздесу, сұхбаттасу бақытына ие болдыңыздар. Тағылымды кештің берері көп», – деді.

Әуезов университетінің ғылыми кеңесі шешімімен Мұхтар Шаханов оқу ордасының «Құрметті профессоры» атағы берілді. Шығармашылық кеште Әуезов жастары бірінен соң бірі ақынға деген жанындаған арнау жырларын төкті, ұлтжандылыққа, ар-намысқа үндейтін өлеңдері мен поэмаларын жан тебірене оқыды. Мұхтар ағамыз жауқазын буының казак әдебиетіне, өз жырларына деген шексіз махаббатына ризашылығын білдіріп, «Өлең құрау» өлеңін оқып берді.

Кеш соңында студент жастар отты ақынға сұрақ қойып, ақыл-көнісін сұрады, ақ батасын алып, кітабына қолтаңба алды. Сексеннің сенігіне шыққан Мұхтар ақын 14 жастан бастап үзбей намаз оқыған екен. Ол күні бүгінге дейін ешкімге айтылмаған осы сырымен бөлісіп, жастарды елінің жанашыры болуға, адал жолмен жүріп, шыншыл болуға шақырып, тәрбиелік мәні зор ақылымен бөлісті. «Қазіргі жастарға көңіліңіз тола ма?» деген студенттің сауалына Мұхтар аға әдемі жауап берді. Ол өз сөзінде:

«Жастар әрқилы. Бірақ шындық биігінен көрінуді мақсат тұтпаған адамды мен ерек деп, әйелді әйел деп есептеймін. Себебі адамдар тек шындық бар жерде ғана бақытты өмір сүреді. Ал бүгінгі жастар сол биіктен көрінсе деймін», – деді ақын.

Шахановтың шығармашылық кеші бұл жолы ерекше өтті. Жастар жағынан оқылған жырлар толастамады, қатысушылар «Арыс жағасында» өнін қосыла шырқады. Берері мол басқосуда Шаха-

новтың кітаптарынан көрме ұйымдастырылды. Сондай-ақ ақынның қолтаңбасымен жана кітаптары да ұсынылды. Ұлт руханиятының рухты тұлғасының шығармашылығымен сусындаған кештің жастарға берер тәрбиесі орасан, тағылымы мол болды.

Осы күні шымкенттік тағы бір жастар құрамы қаламы қарымды қаламгер Әкім Ысқақпен кездесті. Шығармашылығы көпшілік көңілінен орын алған, Әкім ағаны оқырмандары арнайы Жамбыл облысынан да іздеп келген. Бұл жүздесу тек жастарға ғана емес, үлкен буынның да қатысуымен өтті. Жиын «Алтыным, өмірді сүй, өзіне сен!» тақырыбы аясында ұйымдастырылған. Әдеби кеште мектеп оқушылары ақынның шығармаларын жатқа оқып, әндерін әуелете шырқады.

Бала күнінен Әкім Ысқақтың өлеңдерін, эсселерін оқып өскен Қайсар Жұман бұл кешке ерекше дайындалған көрінеді.

– Мектепте оқитын кезде махаббат туралы өлеңдерді жатқа оқитынмын. Күш алатын едім. Қазір де дәл солай, оқудан немесе тұрмыстық тіршіліктен шаршағанда кітап беттерін парақтаймын. Сосын әрі қарай жақсы көңіл күймен шабыттанамын. Осындай кездесулер жастарды ерекше әсерге бөлеп, бір сәт тынығуына жағдай жасайды, – дейді ол.

Кездесу барысында «Алтыным-2» кітабы таныстырылды. Автор өз сөзінде өмірді сүйудің маңызы мен әрбір адамның жеке күшіне сенудің қажеттілігін атап өтті.

– Біздің мақсатымыз – айналаға шуақ шашу. Бүгінгі кездесудің де тақырыбы «Өмірді сүй, өзіне сен!». Шынында, өмірді сүйген адам ғана айналаға шуағын шаша алады. Ал өзіне сенген адам ғана арманына жете алады. Сенің үйің жоқ болсын, көйлегің жоқ болсын ол сенің кедейлігің емес. Дүниедегі ең кедей адам – арманы жоқ адам, – дейді қоғам қайраткері, жазушы, ақын Әкім Ысқақ.

Шара соны Әкім Ысқақ пен жастар арасындағы ашық сұхбатқа ұласты. Студенттер өздерін толғандыратын сұрақтарын қойып, жазушының өмірлік тәжірибесі мен кеңестерін тындады.

40 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР ӨРТЕНДІ

Өткен аптада Қарағанды облысында болған дала өрті кезінде бір адам қаза тапты.

А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы


Өрт Қарқаралы ауданы Қоянды ауылының маңында құрғақ шөптің жануынан басталған. Дереву оқиға орнына орман шаруашылығының, Төтенше жағдайлар департаменті күштері мен құралдары және өртке қарсы ерікті құралымдар жіберілді. Сонымен қатар сақшылар, әскери күштер мен құралдар, ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Кувек шаруашылықтары, ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылықтары, Қарағанды мемлекеттік ұлттық табиғи паркі – жалпы 306 адам және 37 техника жұмылдырылды. Жалпы көлемі 112 текше метрді құраған 62 рет су себу жүзеге асырылған.

Өкінішке қарай, өрт сөндіру барысында 24-ӨСБ азаматтық қорғау сержанты Хали Хайрат қаза тапты. 1991 жылы туған Хали Хайрат 2014 жылдың 12 мамырынан бастап азаматтық қорғау органдарында қызмет еткен. Ол Саран қаласында тұрған, жоғары кәсібилігі мен жауапкершілігімен ерекшеленген. Қаза тапқан өрт сөндірушінің үйіне облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, оның орынбасары Әлібек Әлденей және Саран қаласының әкімі Еркін Баулықов барды.

– Хали Хайраттың өртті сөндіру кезінде көрсеткен ерлігі – нағыз батылдық пен жанқиярлықтың үлгісі. Ол өз өмірін адамдарға қызмет етуге және туған жерін қорғауға арнады. Осы қайғылы сағатта біз қайғы азабын Халидің туыстарымен бөлісеміз, әрине, біздің сөздеріміз бен қолдауымыз бұл отбасына ардақты ұл, аяулы әкені қайтармайды. Ол туралы естелік жарқын болсын, ал құтқарушылардың келесі буыны оның ісін жалғастыра берсін! – деп Ермағанбет Бөлекпаев оның отбасына көңіл айтты.

Марқұмның отбасына жерлеу шараларын өткізуге барлық қажетті көмек көрсетіледі. Үйде фельдшерлік және психологиялық қызметтер кезекшілік етеді. Отбасын қолдау бойынша барлық қажетті шара Қарағанды облысы әкімінің тұрақты бақылауында болады.

– Қарағанды облысындағы табиғи өртті жою кезінде Төтенше жағдайлар



министрлігінің өрт сөндірушілері жоғары кәсібилік танытып, іс-қимылдарын үйлестірді. Қатты жел және үлкен өрт аймағы жағдайында олар 1,5 мыңнан астам адам және 33 мыңға жуық мал тұратын 7 елді мекен мен 11 шаруа қожалығына өрттің таралуына жол бермеді, – дейді Қарқаралы ауданы әкімі Әділжан Арғынов.

Сондай-ақ құтқарушылар өрттің Егіндібулак ауылы маңында орналасқан «Кувский» шаруа қожалығының орман қоры аумағына таралуының алдын алды. Оның алдында Павлодар облысында құтқарушылар дала өртін сөндірді, онда өрт сөндірушілер келісілген іс-әрекетінің арқасында өрт Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағына енуіне жол бермеді. Сонымен қатар жағдай тұрақтанған кезде Баянауыл ауданы Желтау ауылының бұрын алдын ала көшірілген 18 тұрғыны үйлеріне оралды.

Қарқаралы ауданының шаруа қожалықтарын Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин аралады. Ол дала өртін салдарын анықтау үшін шаруа қожалықтарының басшыларымен кездесті.

Теректі ауылында бір қыстақ зардап шекті. Шамамен 300 тонна шөп өртенді. Залал толығымен өтеледі.

– Теректі ауылындағы қыстақтардың бірінде 300 тонна шөп өртенді. Қалған қыстақтарда шөп жануы және мал шығыны тіркелген жоқ. Барлық қажетті көмек көрсетіледі, – деді Саят Мусин.

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков, Қарқаралы ауданының басшысы Әділжан Арғыновтың

басшылығымен өткен штаб отырысында өрттің салдарын жою үшін қабылданып шаралар талқыланды. Ораз Тәуірбеков жиналған фермерлерге облыс әкімінің тапсырмасы бойынша көмек көрсетілетінін, ол үшін арнайы комиссия құрылатынын айтты.

Айта кету керек, қатты екпінді жел мен өрттің ауқымдылығына қарамастан, құтқарушылар өрттің жеті елді мекенге, 33 мың мал басы бар және 1,5 мыңнан астам адам тұратын 11 шаруа қожалығына таралуына жол бермеді.

Әрине, ақпараттың жылдамдығы да білініп жатты. Әлеуметтік желі де үрей туғызған бейнебаяндарға толып кетті. Қарағанды облысының прокуратурасы: «Тексерілмеген мәліметтер жариялануда. Мұндай жалған мәліметтер келенсіз қоғамдық пікірді қалыптастырып қана қоймай, қоғамдық тәртіпке де теріс әсер етеді. Жалған ақпарат тарату қылмыстық жазаланатын іс-әрекет болып табылады және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 274-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Осыған байланысты Қарқаралы ауданының прокуратурасы азаматтарды, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін, әлеуметтік желілерді пайдаланушыларды заңнаманы мүлтіксіз сақтауға және осы құқықбұзушылықтың жасалуына жол бермеуге, тек ресми ақпарат көздеріне сенуге шақырады» деген хабарлама таратуға мәжбүр болды.

Салғырттықтан болған өрт салдарынан 40 мың гектарға жуық аумақ өртеніп кетті. Сотқа дейінгі тергеу басталды.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР – ЖОҒАРЫ СҰРАНЫСТА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында алдағы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. «Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Әрі біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деді Мемлекет басшысы. Жолдауда айтылғандарды жүзеге асыруға кіріскен Жетісу облысында аталған бағытта нақты жұмыстар қолға алына бастады.

А Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Атап айтқанда, өңірдегі колледждерде бұрыннан бар жұмысшы мамандықтарына оқыту одан әрі жетілдіріліп, еңбек нарығындағы сұраныстарға сәйкес жаңа мамандықтар ашылууда. Мәселен, биыл сәулет және құрылыс, ауыл шаруашылығы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, туризм, IT технологиясы және басқа да салалардағы жаңа 13 мамандық оқытылууда. Жалпы, қазіргі кезде өңірдегі 27 колледжде 13 мыңнан астам студент білім алады.

Облыстық Білім басқармасының мәліметінше, өңірдегі өнеркәсіп орындарының кадрлық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қатысты 80 кәсіпорыннан түскен өтінімдерге сәйкес 15 колледжде 25 мамандық бойынша 876 жасты мақсатты даярлау жүзеге асырылууда. Соның ішінде биылғы 2024-2025 оқу жылына кәсіпорындардың өтінімдері бойынша 441 адам қабылданыпты. Бұларға қоса, облыста дуальды оқытуды жүзеге асыратын 14 мемлекеттік колледжде 3 324 студент 32 мамандық бойынша білім алады және оларды еңбекпен қамту мақсатында 155 кәсіпорынмен 215 келісімшарт жасалған.

– Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, жаңа кәсіптердің аймақтық атластарын қамтитын «Мамандығым – болашағым» бағдарламасын дамытуға облыстық бюджеттен қаражат бөлінді. Соның нәтижесінде биыл облыс колледждерінде 13 жаңа мамандық ашылды. Нақтырақ айтқанда, кеңбейінді құрылыс жұмыстарының шебері, графикалық жұмыстарды орындаушы, газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі маман, кран машинисі, автомобиль жөндеуші, наубай, тазарту құрылыстарының технологиялық жабдықтарын құрастырушы, қант өндіру операторы, химиялық талдау зертханашысы, ұшқышсыз ұшу аппараттарының операторы, көркем еңбек пәнінің мұғалімі, гид мамандықта-

ры оқытылады. Қазіргі кезде арнайы құрылған сарапшылардың жұмыс тобы өңірге қажетті мамандықтарды анықтау жұмыстарын жүргізуде, – дейді облыстық Білім басқармасының техникалық және кәсіби білім беру бөлімінің басшысы Саят Батырбеков.

Заман сұранысына сай жаңа мамандықтар ашқан оқу орындарының қатарында «Жетісу» құрылыс-техникалық колледжі де бар. Мұнда биыл тұңғыш рет «Сәулет» мамандығы оқытыла бастады. Аталған мамандыққа оқытуға жасалған қаламды да еңбек нарығын жете зерттеудің нәтижесі деуге болады.

– Бүгінде облыста сәулет және дизайн бағытында білікті мамандар жетіспейтіні анықталды. Осыған орай бізде қазір «Сәулет» мамандығының «Графикалық жобалау» біліктілігінде 25 студент білім алады. Кадрлық құрам білікті оқытушылардан тұрады, олардың арасында өнеркәсіп орындарында тәжірибе жинап келгендер де бар. Материалдық-техникалық базамыз да жаңартылды. Токетерін айтар болсақ, кәсіптік мамандықтарды сапалы менгеріп шығуға барлық мүмкіндік қарастырылған. Сондай-ақ алдағы уақытта «Хаус-шебер» мамандығын ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл біліктілікте студент электрик, дәнекерлеуші, сантехник сияқты бірнеше кәсіби мамандықты бірге игеріп шығады, – дейді колледж директоры Санат Рамазанов.

Атап өтсек, Құрылыс-техникалық колледжде 500-дей студент 9 мамандықты менгеруде. Жаңа мамандыққа оқып жүрген студенттердің бірі Альмира Ұзақбай колледжде 9-сыныптан кейін түскен.

– Кішкентайымнан сурет салғанды жақсы көретімін. Сәулетші болуды бала күнімнен армандадым. Осы мамандықты оқып бітіргеннен кейін тұрғын үйлерді, коммерциялық нысандарды жобалауға қатысуды, қаланың сәулетіне, ғимараттарды жаңғыртуға өз үлесімді қосуды армандаймын. Қазір біз бірфрлық жобалауды менгеріп жатырмыз. Бұл мен үшін өте қызық әрі пайдалы, – дейді студент.

ДОСТЫҚ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТТІ

Шымкент қаласындағы Орталық саябақта өзбек этносының тілі, мәдениеті және салт-дәстүрі күніне арналған Достық мерекесі аталып өтті. Қоғамдық келісім мекемесі, Шымкент қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қазақстан Республикасы өзбектерінің «Дустлик» қауымдастығы бірлесе ұйымдастырған іс-шарада өзбек халқының ұлттық тағамдары мен қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып, арнайы концерттік бағдарлама көпшіліктің назарына ұсынылды.



Мерекеді көпшілік өзбек этносының мәдениеті және салт-дәстүрлерін тамашалады.

Шымкент қаласының Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының басшысы Әйгерім Жұмағұлова, Шымкент қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Бауыржан Әлтеев келушілерді мерекелен құттықтап, «Достық» фестивалі ел бірлігін паш ететін маңызды іс-шара екенін атап өтті.

Қалалық өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы Тахирбек Нишанбаев елімізде барша этностардың тілі мен мәдениетінің сақталуына барынша жағдай жасалғанына ризашылығын жеткізді.

– Елімізде 130-дан астам этнос өкілдері бірлікте, тату ғұмыр кешуде.

Бірлігіміз бекем болсын. Достық мерекесінің жылдан-жылға ауқымы кеңейіп келеді. Бүгінгі іс-шараға қаладағы мектептерден қолөнершілер, өнерпаздар қатысуда. Көрмеде жергілікті кәсіпкерлер де отандық өнімдерін ұсынып жатыр. Біздің күшіміз – бірлікте, – деп атап өтті Т.Нишанбаев.

ҚР өзбектерінің «Дустлик» қауымдастығы төрағасы Икрам Хашимжанов мерекенің жылдан-жылға аясы кеңейіп келе жатқанын жеткізді. Қаламызда өзбек этномәдени бірлестігі 1989 жылы құрылып, жұмыс істеуде. Этномәдени бірлестік өзбек этнос өкілдерінің қазақстандық қоғамның ортақ құндылықтарын қастерлеуіне ұйытқы болып отыр.

Н. НАЗАРБЕК

17 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ



«ТҰЛҒАЛАР ІЗІМЕН»

КЕЛЕМІН

Мұражай – тұңғығы терең тарихтан сыр шертетін, өткеніміз бен бүгінгімізді көз алдымызға әкелетін, адам жанына рухани азық сыйлайтын мекен. Әдетте, қаншама жәдігер топтасқан осы бір мәдени ордадан тарихи тұлғаларымыздың қайталанбас шығармашылығын тамашалайтынмыз рас. Ал құндылығы жоғары бағаланатын сондай бір тың туындылардың арасында студенттің идеясынан туған үздік шығармашылық жұмыстардың көрінуі – назар аударарлық оқиға. Олай дейтін себебіміз – таяуда ғана Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында Республика күні қарсаңында «Тұлғалардың ізімен» атты көрме ашылды. Көрменің ерекшелігі де сол, экспозицияға Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультеті студенттерінің шығармашылық туындылары кіреді. Мұражайға ат басын бұрған келушілер енді сонау жылдардан бері келе жатқан жәдігерлерден өзге, жаңа толқынның шығармашылық әлемімен таныса алады.



Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Көрмеде оқу орны студенттерінің 50-ден астам шығармалары ұсынылды. Олардың дені негізінен түлектердің дипломдық жұмыстарынан және әртүрлі курс студенттерінің оқу жұмыстарынан тұрады. Мәдени шара аясында монументалды және станоктық графика, кескіндеме, баспа графикасы мен сәндік-қолданбалы өнер, соның ішінде гобелен, батик, ши, кескіндеме, сондай-ақ зергерлік өнер сынды бейнелеу өнерінің түрлерін көруге болады.

Қазақ мәдениетін өркендетуге атсалысқан талай өнер сандақтарын өз ұясынан түлетіп ұшырған білім ордасының ректоры Арман Жүдебаев студенттер мен академия түлектерінің көрмеге қойылған шығармашылық туындыларын ерекше бағалай отырып, жас таланттардың бойындағы дарынның жұртшылыққа танытуға мүмкіндік беретін осындай іс-шараларды өткізуді дәстүрге айналдыру қажет екенін атап өтті.

– Бүгін Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы үшін тарихи күн. Өйткені талантты студенттеріміздің жұмысы тұңғыш рет Әбілхан Қастеев атындағы өнер мұражайында көрсетіліп отыр. Бұл ретте ең алдымен еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігіне, мұражай директоры Гүлмайра Мұсағұлқызына алғысымызды білдіреміз! Біз аталған көрмені академиямызда білім алып жатқан студенттеріміздің осы күнге дейін айналысқан шығармашылық жұмыстарын халыққа таныстырып, дәріптеу мақсатында ұйымдастырдық. Енді студенттердің жобаларымен танысуға мүмкіндік беретін мұндай көрмені жыл сайын ұйымдастыруға бел буып отырмай. Қазірдің өзінде студенттердің жинақталған біршама жұмысы бар. Біз ерекше жобалардың санын ұлғайтып, алдағы уақытта әлі де халықтың назарына жеткізіміз келеді.



Сондай-ақ көрмеде республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты атанған студенттеріміздің үздік туындылары қойылған, – деді оқу орнының басшысы.

Осы күнге дейін білім ордасы студенттерінің өнердің түрлі саласында бағындырған белесі аз деуге келмейді. Ректор өз сөзінде студенттер қол жеткізген жетістіктердің біркатарын тізіп өтті. Одан өзге оқу орнының басшысы білім саласында студенттердің креативті идеялары мен тәжірибелерін ортаға салып, бойындағы потенциалын пайдалана білу үшін басшылық тарапынан да жеткілікті қолдау болуға тиіс екенін негізге алды.

– Студенттердің көрмеге қойған жұмысы сонынан еріп келе жатқан жастарға да стимул болуы қажет. Академия – ұлтымыздың шығармашылық орта. Былтыр студенттеріміз Әзербайжан елінде өткен Халықаралық театр фестивалінде бас жүлде жеңіп алса, таяуда ғана Мәскеуде өткен Халықаралық кино фестивалінде тағы бір мәрте топ жарып, бас бөйгені қанжығаға байлап қайтты. Біздің басшы ретінде ең басты құндылығымыз – студенттерді қолдау және олардың идеяларын жүзеге асырып, шығармашылығын дамытуға мүмкіндік беру. Онымен қоса оларды материалдық, техникалық базамен қамтамасыз ету, – деп сөзін қорытындылады ректор А.Жүдебаев.

Тағы бір ерекше көзге түсетіні – экспозицияда ежелгі қазақ мифологиясы, халық ертегілері мен аңыздары, дала халықтарының тарихынан алынған бейнелерге байланысты біркатар туынды қоса көрініс тапқан. Соның ішінде Ә.Омарқұлдың «Бабалар сөзі», С.Мұхтарқызының «Жезтырнақ» шығармалары бар. Туындыда өткеннің бейнесі қазіргі заманның интерпретациясында бейнеленген. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жұмыстарға танымал жапон анимациясы әсер еткен көрінеді.

Әйгерім Омарқұл қазір Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының магистратура сатысында білім алады. Кейіпкеріміздің сөзінше, туындының жарыққа шығуы үшін аз уақыт жұмсалмаған. Сан түрлі бояу мен

түрлі көріністі қамтыған туынды ұлттық құндылықтарымыздан хабар береді.

– Бүгінгі көрмеге қойылған туынды «Бабалар сөзі» деп аталады. Бұл атауды берген себебім, суреттің түпкі идеясын «Бабалар сөзі» атты мифологиялық 100 томдық кітаппен байланыстырдым. Суретте мифологиялық кейіпкерлер бейнеленген. Туындының түпкі мән-мағынасы мен басты мақсаты – мәдениетімізді қайта жаңғырту. Суретті салуға айлап уақытымды арнадым. Әсіресе, эскизді әзірлеу ұзақ уақытқа созылды. Эскизді жасау үшін шамамен бір ай уақыт жұмсалды. Мұнда басты кейіпкер, мифологиялық персонаж – Асан қайғы. Шығармашылық туындым арқылы мен жастарға жоғалып бара жатқан мәдениетімізді қайта жаңғыртып, көпке танытуымыз қажет екенін жеткізім келді. Расында, суретті салу үшін біршама материалдармен танысып, көбірек ізденуге тура келді. Жұмысты бастамас бұрын YouTube желісі арқылы Зира Наурызбаеваның сұхбаттарын жиі қарадым. Процесс барысында қою түстерді қолдануға тырыстым, – деді сурет авторы Ә. Омарқұл.

Мұражайда қойылған айрықша туындылардың қатарында Өнер академиясының түлегі Аяжан Мәдилин «Құрбылар» атты суреті де бар. Бір қызығы, картинада Аяжанның өзі мен оның шынайы өмірдегі құрбылары бейнеленген.

– Менің шығармашылық жұмысым «Құрбылар» деп аталады. Алғашында жұмысыма тақырып таңдауда көп ойландым. Тіпті, неден бастарымды білмедім. Кейіннен бірнеше эскиздерді сызып әкеліп, жетекшім Бауыржан ағайға көрсеттім. Ол эскиздерді қарап отырып, қыздарда бір қызықты деталь бар екенін, оны әрі қарай өзім іздеуім тиіс екенін айтты. Сонымен мен де әрмен қарай таңдаған тақырыбымды жалғастыруға бекіндім. Суретті салуға шамамен бір жарым айға жуық уақыт кетті. Көрмеде ілінген осы бір суретті салу үшін құрбыларымыз жинап, арнайы суретке түстік. Туындыда бес қыздың бейнесі көрініс тапқан. Олар – өмірде менің жақын құрбыларым. Бесуеміз де Өнер академиясында оқимыз. Әрбір құрбымын бойында тұнған талант пен қабілет жатыр. Сондықтан мен суретте гитара аспабын көрсеттім. «Құрбылар» туындысы мұражайда алғаш рет көптің назарына ұсынылып отыр, – деді А.Мәди.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы – өнердің түрлі бағыттарында мамандар даярлауды жүзеге асыратын Орталық Азия мен Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Қазір Өнер академиясы республика суретшілері үшін беделді мектеп саналады. Айта кетейік, студенттер мен академия түлектерінің шығармашылығынан құралған көрме 30 қазанға дейін жалғасалы.

СЕЙФУЛЛИН МУЗЕЙІНДЕ – ЖАҢА ЖӘДІГЕР

Биыл Сәкен Сейфуллиннің туғанына – 130 жыл. Мерейтой қарсаңында Астанадағы Сәкен Сейфуллин музейі тағы бір құнды жәдігермен толықты. Сондай-ақ қоғам қайраткерінің шығармалары мен оған қатысты мақалалар жинағының тұратын кітаптар сериясының оныншы томы жарық көрді.



«Жақында музейімізге қолшатыр, сәнді костюм мен Франция әтірі және алтын қалта сағаты экспонаттары келіп түсті. Сонымен қатар Сәкен Сейфуллин кофеге әуес адам болған. Оның кофе ұнтақтағышы да жанадан қосылған жәдігерлер қатарында. Оны 1927–1928 жылдары Қызылорда институтының ректоры болған кезде қолданған. Бұл жәдігерді музейімізге ақын, драматург, актер Қанат Жүнісов Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай сыйға тартқан еді», – деді Сәкен Сейфуллин музейінің экскурсия жүргізушісі Зере Қуаныш.

Мұражайда қазір 7 мыңнан астам жәдігер бар. Оның 500-і Сәкен Сейфуллиннің жеке заттары. Олардың арасында жинақтан тұратын кітаптар сериясының оныншы томы да орын тепкен.

«Кітаптың бірінші бөліміне әдеби мақалаларын, фальклорын, музыкалық мұрасын бердік. Содан кейін ол кісі үкімет басқарғанда экономика, транспорт, ауыл шаруашылығы, кеден туралы жазған қаулылары бар екен. Солар қамтылды. Соңғы томда естеліктер», – деді Сәкен Сейфуллин музейінің директоры Марат Әбсеметов.

Сондай-ақ жуырда музей қызметкерлері Алматыдағы «Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінен» 1918 жылы абақтыда отырған Сәкеннің елге деген сағынышынан туған «Сарыарқа» күйін тапқан. Күйді орындаған әйгілі қобызшы Дәулет Мықтыбайұлы. Ол күйді 1964 жылы Қазақ радиосының алтын қорына тапсырған.

Сонына өшпес мұра қалдырған Сәкен Сейфуллин 1937 жылы халық жауы ретінде тұтқындалып, абақтыға қамалды. 1938 жылы Алматы маңында атылды деген дерек бар. Ақынның рухына тағзым етіп, туғанына 130 жыл толуына орай музей қызметкерлері биыл 50-ден аса түрлі деңгейдегі шара өткізіпті.

САМБОДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

8-10 қараша күндері Астанада Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында спорттық және жауынгерлік самбодан, сондай-ақ зағип спортшылар арасында самбодан әлем чемпионаты өтеді.

Тартысты додаға 80 мемлекеттен спортшылар қатысады. 6-7 қараша күндері командалар аккредиттеуден өтіп, қонақүйлерге орналасады. Оқу-жаттығу жиыны 25 қазаннан бастап, жарыс басталғанға дейін елордала болады. Ал оқу-жаттығу жиыны және дене дайындығы, спортшылардың күрестегі қабілеттерін тексеру чемпионат басталуына 1 ай қалғанда Алматы қаласында өтеді.

Бұл жарыстың басты ерекшелігі – алғаш рет әйелдер арасында жауынгерлік самбодан, сондай-ақ зағиптар арасында самбодан (SVII класы – мүлдем зағиптар) жарыстар болады. Сонымен қатар әлем чемпионаты 2025 жылы Чэнду қаласында өтетін дүниежүзілік ойындарға қатысу үшін соңғы іріктеу турнирі болмақ.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4510
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,